Сыр бойы

№31-32
(20305-20306)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

26 ақпан, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

# «АЗАМАТТАРЫМЫЗ НАҚТЫ НӘТИЖЕ КҮТЕДІ»

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшыларымен кездесті.**



Жиынға Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Премьер-министрі Роман Головченко, Қазақстан Премьер-министрі Әлихан Смайылов, Қырғыз Республикасы Министрлер кабинетінің төрағасы – Президент Әкімшілігінің басшысы Ақылбек Жапаров, Ресей Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустин, сондай-ақ бақылаушы мемлекеттің өкілі ретінде Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов пен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының төрағасы Михаил Мясникович қатысты.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінгі кездесу геосаяси ахуалдың өте қатты ушығып тұрған кезінде өтіп жатыр.

– Біздің экономикалық одағымыз белгілі себептерге байланысты санкциялық қарсылықтардың салдарынан туындайтын саяси текетірестердің күшеюіне және оның елдеріміздің экономикасы мен қаржы жүйесіне кері әсеріне алаңдаушылық білдіреді. Валюта бағамына, төлем жүйесіне, екінші деңгейлі банктерге қатысты тәуекел-қатерлер күшейе түсті. Біз Қазақстанда дағдарысқа қарсы шаралар қабылдап жатырмыз. Бұл тек басы ғана, алда өте күрделі жұмыстар тұр. Бұл жұмыстарды Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы әріптестерімізбен келісе отырып жүргіземіз деп ойлаймын. Экономикалық, қаржылық және өнеркәсіптік жүйелердегі тығыз ықпалдастықты ескере отырып, тәуекел-қатерлерді бағалауға және жағдайдың кері әсерін төмендетуге бағытталған экономикалық шараларды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы реттеушілерін қатыстыра отырып, экономикалық ведомстволар деңгейіндегі аталған жұмыс тобын ұйымдастыруды ұсынды. Үйлестіру жұмыстарын Еуразиялық экономикалық комиссия өз қолына алуға тиіс. Оның пікірінше, сыртқы макроортадағы күрделі жағдайға қарамастан, Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық көрсеткіштері оң қарқын көрсетуде.

– 2021 жылдың қорытындысы бойынша Одақтың сыртқы саудасы 34 пайыздан асты, ал ішкі сауда көлемінің көрсеткіші одан да жоғары, яғни 67 пайызға жетті. Бұл – Еуразиялық одақтың ішкі сауда-экономикалық байланыстарының нығайғанын білдіретін жақсы көрсеткіш. Ішкі жалпы өнімнің жиынтық өсімі – 4,4 пайыз. Бұл болжанған көрсеткіштен едәуір жоғары. Өзара сауда-саттықты кеңейту, экономика салаларындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру жөніндегі бағытымыздың дұрыс екеніне қуаныштымын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық үкіметаралық кеңестің күн тәртібі өте тығыз екенін атап өтті. Оның пікірінше, барлық мәселе, соның ішінде өте өзекті проблемалар жемісті әрі табысты талқыланды.

Кездесу барысында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшылары еуразиялық интеграцияның қазіргі және перспективті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Премьер-министрлердің сөзін тыңдаған Қазақстан Президенті соңғы оқиғаларға байланысты ауқымды жұмыстар атқару керек екенін атап өтті.

– Елдеріміздің үкіметтері аса күрделі проблемаларды шешудің тиімді жолдарын табуға тиіс. Бұл өте маңызды. Еуразиялық экономикалық одақтың жұмысынан зор нәтиже күтеміз. Біз бар күш-жігерімізбен және еңбегімізбен мемлекеттеріміздің стратегиялық мүдделеріне сай келетін Еуразиялық экономикалық одақтың абыройы мен беделін сақтауымыз қажет. Шын мәнінде, азаматтарымыз бұл Одақтан нақты нәтижелер күтеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті үкіметтер басшыларына ортақ мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру ісінде табыс тіледі.

## Ресей Үкіметінің басшысын қабылдады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық үкіметаралық кеңеске қатысу үшін Қазақстанға келген Ресей Федерациясының Премьер-министрі Михаил Мишустинді қабылдады.**

Кездесу барысында олар сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ықпалдастықты нығайтуға баса мән бере отырып, Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытудың перспективаларын талқылады.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті мен Ресей Премьер-министрі Украинадағы жағдайдың ушығуына және Ресейге халықаралық санкциялардың енгізілуіне байланысты екі мемлекет арасындағы тауар айналымының төмендеуіне жол бермеу жөніндегі бірлескен шараларды қарастырды.

## Саяси диалог жолға қойылған

**Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысына қатысу үшін Қазақстанға келген Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинянмен келіссөз жүргізді.**

Кездесу барысында олар сауда-экономикалық байланыстарды, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастықты нығайтуға баса назар аудара отырып, Қазақстан мен Армения арасындағы қатынастардың даму перспективаларын қарастырды. Тараптар халықаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимылдар мен Украина төңірегіндегі жағдайды талқылады.

Мемлекет басшысы Армения Премьер-министріне ілтипат білдіріп, екіжақты ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Биыл біздің дипломатиялық қатынастарымыздың орнағанына 30 жыл. Бұл – өте маңызды дата. Екі ел арасында жоғары деңгейлердегі ашық саяси диалог жолға қойылған. Парламенттік, мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз дамып келеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Арменияның Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымындағы төрағалығын жоғары бағалап, қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде ҰҚШҰ-ның бітімгерлік контингентін Қазақстанға жіберу туралы шешімді қолдағаны үшін Никол Пашинянға ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде Армения Үкіметінің басшысы қонақжайлық көрсеткені және Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысының жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны үшін алғыс айтты.

– Қазақстанмен арадағы қарым-қатынастарымыздың табысты дамып келе жатқанына қуаныштымын. Қазір Еуразиялық экономикалық одақ форматында экономикалық ынтымақтастық пен Еуразиялық экономикалық кеңістікті одан әрі дамыту мәселелерін талқылап жатырмыз, – деді Никол Пашинян.

Сондай-ақ Премьер-министр Никол Пашинян ҰҚШҰ-ның дағдарысқа қарсы әрекет ету тетіктерін оң бағалап, Арменияның ұйымға төрағалығы аясында осы мәселеге басымдық берілетінін атап өтті.

## Тағайындаулар

**Президент Жарлығымен Әсет Өрентайұлы Исекешев Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы лауазымынан босатылды.**

Ғизат Дәуренбекұлы Нұрдәулетов Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы лауазымына тағайындалып, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры лауазымынан босатылды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі лауазымынан босатылып, Мемлекет басшысының өкімімен Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі лауазымына тағайындалды.

Марат Мұратұлы Ахметжанов Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі болып тағайындалып, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасы лауазымынан босатылды.

Олжас Абайұлы Бектенов Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасы лауазымына тағайындалып, Мемлекет басшысының өкімімен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасының бірінші орынбасары лауазымынан босатылды.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

# Биыл өңірде 204 жоба іске қосылады

**Пандемия шектеулері мен өңірде орын алған қуаңшылыққа қарамастан былтыр Қызылорда облысында шағын және орта кәсіпкерліктің даму динамикасы жоғарылап, нәтижесінде аймақта тіркелген кәсіпкерлердің саны 4,2%-ке артты. Облыста 57 мыңға жуық кәсіпкер бар. Ендігі бағыт-бағдар қалай? Осы орайда облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергеновтің есебін тыңдады.**



Өткен жылы 11,2 млрд теңгені құрайтын 171 жоба іске асып, нәтижесінде мыңнан аса жұмыс орны құрылған. Оның ішінде, 400 млн теңгеге 14 жоба «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жылдық 2% жеңілдікпен несиелендірілген. Осының ықпалымен нарық лаваш, шырын және пюре, кондитерлік өнімдер, шоколад, жартылай фабрикат, шұжық өнімдерімен толықты.

Былтыр несие портфелі 36,5 млрд теңгені құрайтын 3168 жоба қаржыландырылса, биыл 5,8 млрд теңге шамасында қаржы қаралды. Экономиканың түрлі салаларында құны 7,6 млрд теңге болатын 204 жоба іске қосылмақ.

Басқарма басшысы «Еңбек», «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Бизнестің Жол картасы-2025» бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге көрсетілген көмек барысын да баяндады. Сондай-ақ, инновациялық бастама үшін берілетін мемлекеттік гранттардың тиімділігі сөз болды. Мәселен, бір жылда 3885 кәсіпкерлік бастамаға 2,4 млрд теңге көлемінде мемлекеттік грант табысталған.

Бүгінгі күні өңдеу өнеркәсібі, әсіресе тамақ өнеркәсібін кеңінен қолдау мақсатында қала және аудандардан құны 2,6 млрд теңгені құрайтын 248 жоба жинақталып отыр. Жобалар қолдау тауып, іске асса қосымша 686 жұмыс орны ашылады.

Жиында туризм әлеуетін дамыту, сауда саласын ілгерілету мәселелері де қаралды.

Бизнесті дамыту тетігін іске асыруға бағытталған жұмыстарды саралай келе облыс әкімі қазіргідей күрделі кезеңде шағын және орта кәсіпкерлік көздерін әлі де көбейтуді, оларға қолайлы атмосфера жасау және туризм кластеріне жеткілікті мән беру қажеттігін еске салып, бірқатар тапсырма берді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

ӨҢІР ӨНІМІ

# «Қарауылтөбенің» құрылыс материалдары

**Кейінгі жылдары құрылыс қарқын алған облыс орталығының ауқымы да кеңейіп келеді. Жыл сайын көпқабатты тұрғын үйлер пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, қала маңынан жер алып, жеке баспана тұрғызған жұрттың да саны артқан. Қала аумағының еселеп ұлғайғанын бірден байқайсыз.**

Sb **Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»**



Бір жақсысы, құрылысқа керекті затың өзімізден табылып тұр. Әсіресе, кірпіш пен темірбетонды құймалар облыс орталығынан дайындалуда. Қайда десеңіз, қала іргесіндегі «Қарауылтөбе» ауылы маңында орналасқан «Дос Строй» мен «Шебер ЖБИ» ЖШС керекті өнімді шығарып жүр. Біріншісі күйдірілген қыш дайындаса, екінші серіктестік темірбетон өнімдері өндірісін іске қосқан.

– Біздің серіктестік 2019 жылы құрылды, – деп бастады «Дос Строй» ЖШС басшысы Руслан Ысқақов.

– Құрылысқа ең қажетті қыш өндіруді қолға алдық. Тәулігіне 30 мың күйдірілген кірпіш шығарсақ, бір айда миллион дана кірпіш құрылысқа дайын. Бағасы да халыққа қонымды. 45-48 теңгеден жергілікті тұрғындар алып жатыр. Ал сыртқы экспортқа жолы, басқа да шығындары есептеледі. Мұндайда баға да жоғарырақ болатыны рас. Қазір біздің кірпіш Ақтөбе облысына жіберілуде. Сондай-ақ Түркістан облысымен де келісім-шарт жасалып жатыр.

3-бет

# Аграрлық салада алаңдатар мәселе көп

**Бейсенбі күні «Достық үйінде» облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова және «Шопан Ата» Қазақстан Ұлттық мал өсірушілер қауымдастығының төрағасы Алмасбек Садырбаевтың қатысуымен ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер талқыланған жиын өтті.**

Sb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»





Қауымдастық бастамасымен өткізілген басқосуға облыстың түкпір-түкпірінен шаруашылық өкілдері, фермерлер келіп, егін, мал шаруашылығында күйіп тұрған мәселелер бойынша ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Атап айтқанда, дария деңгейінің төмен түсунен туындайтын проблемалар, құдықтарды тазалау, скважиналар қазу, ауыл шаруашылығын субсидиялау мен несиелендіру, мал азығының қымбаттауы, жер мәселесі, көктемгі егінге дайындық барысы кеңінен сөз болды.

Облыс басшысы әрбір мәселенің өзектілігіне қарай қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары мен салалық басқарма және департамент басшыларына тікелей тапсырма беріп, әрбір ұсыныстың зерделенетінін жеткізді. Сондай-ақ, бірқатар мәселелердің мемлекетаралық деңгейде көтерілгенін айтып, шаруалардан түсіністік пен шыдамдылық танытуды сұрады.

– Ауыл шаруашылығына қажетті судың жеткілікті көлемде келмеуі кейінгі 3 жылда агроөнеркәсіп кешенін дамытуға кері әсерін тигізуде. Мамандар биыл да дариядағы су деңгейі төмен болатынын ескертіп отыр. Бұл мәселені шешу үшін кешенді шаралар қабылданып жатыр. Апта басында Президентке қуаңшылық, жер мен жем-шөп бағасына қатысты жағдайды баяндадым. Сондықтан сырбойылықтарды түсіністік танытуға шақырамын. Бүгін саладағы қиындықтармен бетпе-бет келіп отырған шаруалардың үніне құлақ түріп, арыз-шағымдарыңыз бен ұсыныс-тілектеріңізді тыңдап, олардың шешу жолдарын қарастыру үшін жиналып отырмыз. Мәселелер белгіленген тәртіп пен заң аясында шешіледі, – деді облыс әкімі.

Елуге жуық шаруаны тыңдаған аймақ басшысы әкімдік тарапынан агроөнеркәсіп кешенін қолдауға бағытталған іс-шаралардың кезең-кезеңімен жүргізілетінін айтты. Мәселен, облыс аумағындағы 400-ден астам құдықты тазалауға жоба-сметалық құжаттар әзірленуде. Аудандарда шабындық пен жайылымдық жерлердің картасы жасалып жатыр. Облыс басшысы орын алған жағдайды ескере отырып, егістің көлемін белгілеп алу ұсынысын жеткізді. Айта кетейік, аймаққа келетін су көлемінің төмен болуы мемлекетаралық деңгейде қаралуда. Мемлекет басшысы бұл мәселе бойынша Өзбекстан президентімен бірқатар келіссөздер жүргізген болатын. Премьер-министр Әлихан Смайылов та үкіметаралық деңгейде вегетациялық кезеңге дайындық жұмыстарын пысықтады.

Ауыл шаруашылық саласының сарапшысы А.Садырбаев бірқатар ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, өңірлердегі су шаруашылығы мекемелері жанынан суды пайдалану саясаты бойынша қоғамдық кеңес құру, ауылшаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жердің 10%-ін жастар жобаларына бөлу, субсидияны орта және шағын шаруа қожалықтарына үлестіру, ветеринария саласына реформа жүргізу ұсынысын жеткізді. Сонымен бірге, салаға жаңа леп әкеліп, малшы мәртебесін көтеру бастамасын да қозғады.

Жиын соңында облыс әкімі сындарлы диалог орнату арқылы ортақ мәселелер бірлесіп шешілетінін айтып, наурыз айында аудандарда болатынын мәлімдеді.

Сонымен, жиында шаруалар көтерген мәселелер хаттамаға түсіріліп, ҚР АШМ-іне жолданатын болды.

# Жаңа бірлестік жағдайды өзгерте ала ма?

**Тұрғындар арасында пәтер иелері кооперативтерінің жұмысына қатысты сын көп. Көпқабатты тұрғын үйлерді күтіп ұстауда кондоминиум нысандарын басқару процесін реттеу мақсатында Мемлекет басшысы биыл Мүліктің меншік иелері бірлестіктері мен жай серіктестіктерді құру бойынша тапсырма берді. Әлеумет үшін өзекті мәселені пысықтау мақсатында кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Мүліктің меншік иелері бірлестігі институтын енгізу бойынша селекторлық жиын өткізді. Оған аппарат басшысы Ерлан Райғаниев, қала әкімі Ғанибек Қазантаев, салалық басқарма мен департамент басшылары және онлайн режимде аудан әкімдері қатысты.**



Жиын барысында энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Ерлан Жаңабаев Мүліктің меншік иелері бірлестіктерін құру ісінде республика бойынша облыс алғашқылардың бірі болғанымен, әлі де жұмысты жандандыру қажет екенін алға тартты. Сондай-ақ, аудандар бойынша салыстырмалы талдау жасалды.

Басқарма басшысының айтуынша, белгіленген кестеге сай 1 шілдеден бастап барлық бірлестіктер жұмысын бастап кетуі керек. Ал оған жедел әрекет қажет.

Қала және аудан әкімдері де атқарылған жұмыс жайын баяндады. Өңірде барлығы 1222 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның ішінде жаңа жүйе құрылуы тиіс 914 көпқабатты тұрғын үй бойынша жоспар 99,5% орындалған. Ол бойынша, Қызылорда қаласында 575 үй, Аралда 42, Қазалыда 106, Қармақшыда 56, Жалағашта 21, Сырдарияда 29, Шиеліде 69, Жаңақорған ауданында 16 көпқабатты тұрғын үй қамтылған. Қалған 308 көп пәтерлі тұрғын үй коммуналдық меншікте болғандықтан, басқару, ұйымдары талап етілмейді.

Қазіргі таңда кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау үшін ағымдағы және жинақ шоттарын ашу, көпқабатты тұрғын үй шығыстарының ең төменгі мөлшерін бекіту, коммуналдық қызмет көрсету ережесін енгізу жұмыстары жүруде.

Облыс басшысы құрылған меншік иелері бірлестіктері мен жай серіктестіктер кедергісіз жұмысын бастауы тиістігін ескертіп, Ерлан Жаңабаевқа әкімдермен бірлесе отырып ай сайын мониторинг жасауды тапсырды. Сондай-ақ, «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ мен облыстық әділет және статистика департаменттеріне құжаттарды тез арада рәсімдеуге ықпал ету жүктелді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

**Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықоваға облыстық ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаевты қабылдады. Онда саладағы негізгі мәселелер сөз болып, алдағы міндеттер пысықталды.**

# Эпизоотиялық тұрақтылық аса маңызды

Өткен жылы өңірде ауыл шаруашылығы жануарлары арасында ауру ошақтарын болдырмау, алдын алу, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында аса қауіпті жұқпалы ауруларға республикалық бюджет есебінен бөлінген ветеринариялық препараттар толық тасымалданып, егу жұмыстары жүргізілген. Биыл 14 түрлі эпизоотиялық іс-шараларды ұйымдастыру үшін жұмыс жасалады.

Ал, ірі қара, жылқы, түйенің энзоотиялық ауруларына қажетті 625,1 мың доза препарат алынып, алдын ала егілген. Малды сырғалау жұмыстары да басталып кетті.

Шахмардан Қойшыбаевтың айтуынша, мал ауруларын болдырмас үшін ветеринар мамандар әрбір ауылды аралап, диагностикалық жұмыстарды жүргізіп жатыр. Әсіресе, мал шығынын алдын болдырмау үшін шаруашылықтың иелерімен байланыс жасалуда.

Ветеринариялық қызмет түрлерін уақытылы көрсету үшін мамандардың шалғай ауылдарға қатынауы да оңай емес. Бұл мақсатта өткен жылы 15 қызметтік автокөлік берілсе, биыл 30 автокөлік сатып алынады. Қазіргі бірдейлендіру жұмыстарының дерекқор жүйесін сапалы енгізу үшін 140 компьютер және 140 термочемодан алынатын болады.

Аймақ басшысы эпизоотиялық тұрақтылықты сақтауда барлық іс-шараларды тиімді үйлестіру қажеттігін ескертті.

# Жәрмеңке – жастардың мүмкіндіктер алаңы

**Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповских, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысты.**




Жәрмеңкеде жастарға 27 жұмыс беруші, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындар, жеке фирмалар бес жүзден астам бос жұмыс орындарын ұсынды. Олардың көпшілігі – электрик, бетоншы, сантехник, слесарь және т.б. техникалық мамандықтар. Сондай-ақ, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, қызмет көрсету, бизнес құрылымдарына да мамандар қажет.

Сондай-ақ, 26 вакансия Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Маңғыстау және Шымкент аймақтарына да жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Жастарға мол мүмкіндік берілген бағдарламалардың бірі «Жастар тәжірибесі» бойынша да 100-ге жуық жұмыс орны ұсынылды.

Облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Асқар Құрмаштың айтуынша, іс-шараға бір сағат ішінде 100-ден астам жастар келген.

– Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жұмыс іздеушілерге мүмкіндіктер мен вакансиялар туралы толық ақпарат береді. Азаматтарға жұмысқа орналастыру, кәсіптік бағдар беру және қайта даярлау, құқықтық мәселелер бойынша консультациялық қызметтер де көрсетіледі. Сондай-ақ, барлық аудандық жұмыспен қамту бөлімдері бос жұмыс орындары туралы хабардар етілген. Мұндай жәрмеңкелерді айына кемінде бір рет өткізу жоспарлануда, – дейді ол.

Жәрмеңкеге келген алғашқы бес адамға домбыра тарту етілді. Жастар сала мамандарынан жұмысқа орналасу, жастар кәсіпкерлігі, білім, отбасы мәселесі, денсаулық, баспанаға бағыт, қаржылық сауаттылық және басқа да бағыттар бойынша кеңес алды.

**«СБ» ақпарат**

# Төтенше жағдайларға тиянақты дайындық керек

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі облыстық комиссияның кезекті отырысын өткізіп, 3 мәселе талқыланды. Атап айтсақ, су басу қаупі туындаған жағдайда қабылданатын шаралар, 2021-2025 жылдары елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру жоспарының орындалуы және орман, дала өрттері бойынша жергілікті атқарушы органдармен атқарылған жұмыс нәтижелері мен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу жұмыстары қаралды.**




Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, аппарат басшысы Ерлан Райғаниев, қала әкімі Ғанибек Қазантаев, салалық басқарма мен департамент басшылары және онлайн режимінде аудан әкімдері қатысты.

Алдымен облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Мұса Қалдарбеков облыс көлемінде орналасқан елді мекендерді су басу қаупі жоқ екенін және қауіп туындамас үшін қажетті іс-шаралар пысықталып отырғанын жеткізді. Мәселен, су тасқынына қарсы жұмыстарға пайдаланылатын материалдық-техникалық қорлар бойынша барлығы 161,2 тонна жанар-жағармай және 118 700 дана қап қорда тұр. Сондай-ақ, Қызылорда қаласы мен аудандарда сең жүру кезеңінде халықты көшіруге арналған 83 эвакуациялық жинақтау және 102 қабылдау пункті дайындыққа келтірілген.

Екінші мәселеге қатысты облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Бауыржан Ізбасаров баяндады.

Өрт қаупінің алдын алуға құрамында 2027 адам, 8 өрт сөндіру автокөлігі мен 421 бейімделген техникасы және 21 мотопомпасы бар, барлығы 168 өртке қарсы ерікті құрылымы жасақталған. Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар, полиция, орман шаруашылығы мен төтенше жағдайлар қызметі бірлесіп қала және аудандар бойынша құрамында 62 адам бар 14 мобильді топ құрылды. 2021 жылы мобильді топ 514 рет рейдтік шара жүргізді.

Аймақ басшысы «2021-2025 жылдары мемлекеттік өртке қарсы қызметі жоқ елді мекендерде кезең-кезеңмен өрт бекеттерін құру» жоспарына сәйкес өрт сөндіру бекетін құруды және оларды бөлек ғимаратпен қажетті құрал-саймандарымен жарақтандыруды, елді мекендердегі өрт сөндіруге бейімделген техникаларды жарамды күйде ұстап, өртке қарсы су көздерімен қамтамасыз етуді және жергілікті атқарушы органдар құрған өрт бекеттері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмыстарын жандандыруды тапсырды. Мұнымен қоса, теміржол және автокөлік жолдарының бойында, егістік алқаптарға жаңа минералдық жолақтар жүргізіп, ескі жолақтарды қайта қалпына келтіру мен өрт қауіпті кезеңде орман шаруашылығына қарасты өрт сөндіру жасақтарының күшейтілген режимде жұмыс жасауын ұйымдастыруды жүктеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенова өңірде геморрагиялық қызба ауруының 12 жағдайы тіркелгенін айтып, өлім жағдайы орын алмағанын растады. Бұл үшін 239 елді мекеннің аумағына тоталды түрде зоопаразитологиялық зерттеулер жүргізілген. Оның ішінде 113-і қолайсыз елді мекендер санатына енген.

Департамент басшысы биыл кененің көп екенін айтып, эпидемиологиялық ахуал «қолайсыз» болатынын назарға салды.

Бұл ретте облыс әкімі эпидмаусымда қабылданатын іс-шараларға қатысты бірқатар тапсырма берді.

– Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының көктемгі залалсыздандыру жұмыстарын өз деңгейінде жүргізу қажет. Бұл мақсатта ветеринария мамандарының бірге болуы маңызды. Елді мекендерде уақ малдарды тоғыту үшін қажетті препарат пен су мәселесін шешуді барынша пысықтаған абзал. Тұрғындар арасында қауіпсіздік шараларын сақтауда ветеринария мамандары алдын ала түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізсін, – деді облыс әкімі.

Жиын соңында аймақ басшысы көктемгі залалсыздандыру жұмыстарын кестеге сәйкес сапалы орындауды және облыста елді мекендердегі мал қоралары мен мал басына жүргізілген көктемгі дәрілеу (дезинсекциялау) жұмыстарына талдау жасап, баяндауды тапсырды. Сондай-ақ, елді мекендер айналасында санитарлық қорғаныш аймағын құру міндетін сапалы түрде орындауды жүктеді.

# Ашық пікірлестік алға жылжуға сеп

**Ақпараттық ашықтық кезеңінде билік пен халық арасында тиімді диалог орнату және туындаған мәселелерді байыпты жолмен шеше білу өте маңызды. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы орынды пікір айтқан болатын. Осы орайда облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қоғам қайраткері, ҚР Президенті жанындағы Қоғамдық сенім Ұлттық кеңесінің мүшесі, «Sergin» Ұлттық білім беру палатасының төрағасы Мұрат Әбеновпен кездесті.**



Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет қатысты.

Басқосу барысында аймақ басшысы азаматтық ұстанымы айқын тұлғалармен ортақ мәселелерді талқылауға әрдайым дайын екендігін білдірді.

«Сіз айқын азаматтық позицияңыз арқылы қоғам дамуына елеулі үлес қосып келесіз. Президент жанындағы Қоғамдық сенім Ұлттық кеңесінің мүшесі ретінде түрлі деңгейдегі мәселелерге өз көзқарасыңызды білдіріп жүрсіз. Сондықтан да мемлекет мүддесін әрдайым жоғары қоятын азаматтармен бірге сындарлы диалог орнатуға мүдделі екенімді жеткізгім.

Қазіргідей күрделі кезеңде Президенттің «Жаңа Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру аса маңызды. Бұл ең алдымен қоғамдық құндылықтарды қайта жаңғырту, жасампаздық жігерді нығайтуды қажет етеді. Сондықтан кезең-кезеңімен және жүйелі реформаларды бірлесіп атқарамыз деп сенемін» деді облыс әкімі.

Мұрат Әбенов өз кезегінде Сыр елінің тумасы ретінде өлкеге қызмет етуге әзір екенін жеткізіп, парасатты азаматтардың пікірін бір арнаға тоғыстыратын сарапшылық алаңдар ашу маңызды екенін алға тартты.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымын іске асыруда ашық талқылаулар өткізу дұрыс. Сыр елінен көптеген беделді азамат шыққанын білесіздер. Бізге мемлекет мүддесіне қызмет ететін азаматтардың интеллектуалдық потенциалын тиімді қолдану керек. Сол себепті де Сыр өңірінде талдау-сараптамалық орталық құрып, ашық пікірлесу алаңдарын іске асыруымыз қажет деп санаймын. Себебі, өзекті мәселелердің шешімін табуда мемлекет пен азаматтық сектордың бірлескен диалогы керек, яғни, сарапшы азаматтардың жауапкершілігі қатар жүруі тиіс» деді Мұрат Әбенов.

Кездесу нәтижесімен аймақ басшысы қоғамдық құндылықтарды жаңғырту жолында жаңашыл бастамаларды бірлесе атқаруға дайын екенін жеткізді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# Көп сауалға дөп жауап

**Қаңтар оқиғасы еліміздің ертеңі үшін жұдырықтай жұмылу қажет екеніне тағы бір рет көз жеткізді. Жасыратыны жоқ, қаралы да қасіретті күндерді бастан өткізген ел азаматтарының ойы сан-саққа жүгірді. Көп көкейіндегі осы сауалға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» ұлттық телеарнасында берген сұхбатында нақпа-нақ жауап берілді деп ойлаймын.**

Сұхбат барысында «Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткіздік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ дәл осындай қаракшылардың қатігез әрекетін көрген жоқпыз» деп баяндаған Мемлекет басшысы ел-халықтың қамын ойлау басты мақсат екенін айтты. Болған жағдайға өзінің нақты бағасын беріп, елімізде әділетті қоғам орнату, экономикалық және әлеуметтік дамуды жеделдету бағытында түбірлі реформалар жасалатынын жеткізді.

Сөз орайы келгенде Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбатындағы көп көкейін дөп басқан бірлі-жарым толғақты мәселелерге тоқталайын.

Президент сұхбатында: «Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Елдігімізге, мемлекетімізідің тұрақтылығына, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды деді. Шынында да, лаңкестер елге бұрын-соңды болмаған қауіп туғызды. Демек, Мемлекет басшысы айтқандай, оларды аяусыз жазалау керек. Осы орайда айтатыным, бейбіт шеруге шыққан жазықсыз жандар жапа шекпеуі тиіс. Құқық қорғаушыларға әр істі заңдылық тұрғысынан қарап, ақиқат жолынан жаза баспауды қатаң ескертті. Осы мәселеге байланысты адам құқын қорғайтын қоғамдық комиссиялардың құрылуы да өте дұрыс шешім болды.

Өздеріңізге мәлім, Президент бастамасымен Жаңа Қазақстан құруға, саяси реформаларға бетбұрыс жасалуда. Өте күрделі әрі аса маңызды кадр мәселесіне баса көңіл бөлмек. Осыған байланысты Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Осы резервке өткен жас азаматтардың біртіндеп жауапты қызметке тағайындалуын біз, ардагерлер қауымы құба-құп дейміз.

Президенттің ана тіліміз, ақпарат саласы жайлы айтқаны, шетелге заңсыз шығарылған қаржыны Отанымызға қайтару жөнінде Үкіметке тапсырыс беруі де құптарлық. Ұстанымы жайлы айтқаны да көпшілік көкейінде жүрген сауалдарға жауап болды.

Мемлекет басшысы өз сұхбатында біз үшін жалғыз ғана Отан бар екенін, ол – Қазақстан екенін баса айтты. Демек, еліміздің ертеңі өз қолымызда. Сондықтан да ел бірлігін сақтау, Отанын қорғау біз үшін басты парыз екенін естен шығармауымыз керек.

**Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,**
**облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы**

# «Қарауылтөбенің» құрылыс материалдары





«Дос Строй» ЖШС кірпіш зауытында бар-жоғы 15 адам екі ауысымда жұмыс істейді. Барлығы – жергілікті азаматтар. Жалақылары уақытылы. Иә, өзге зауыттардағыдай жүздеген жұмысшы жоғын байқадық. Өйткені, мұндағы құрылғылардың барлығы – инновациялық технологиялардың жемісі. Кірпішті отқа жағу да, жинау да, санау да автоматты түрде іске асуда. Шыны керек, жігіттер зауыттағы кейбір жетіспеген жабдықтарды интернеттен іздеп құрастырған. Есесіне мұнда жұмысшы аз болғанымен, басқа жерлердегі қарағанда кірпіш бағасы төмен.

– Қыш кебу үшін 48 сағат керек. Содан кейін зауыттағы пештің 18 күйдіру желісі бар, сол арқылы 850-900 градуста пісіреміз. Кірпіштің ұзындығы – 25, ені – 12, ал биіктігі – 8 сантиметр. Өздеріңіз көргендей, бір поддонда 344 дана кірпіш болады. Енді біздегі мақсат – бір күнде 100 мың дана қыш өндіруді қолға алу. Бұл келесі жылдың еншісінде, – дейді Р.Ысқақов.

Мұндағы темірбетон зауыты тәулігіне 300-400 шаршы метр өнім шығарады. Сондай-ақ үй іргетасына керек дайын бетон блоктарды да құяды.

– Кәсіпорын былтыр ғана құрылды. Бізде де сол. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, күніне 60 пен 120 дана аралығында бетон өнімдерін (плита) шығарамыз. Күндізгі және түнгі ауысым кестесімен жеті адамнан, барлығы 14 жұмысшы жұмыс істейді. Жеке баспана, сондай-ақ қаладағы көпқабатты үйлердің құрылысына бірден-бір қажетті темірбетон өнімдері емес пе? Жергілікті жерден шыққан өнім сырттан келетін заттан әлдеқайда арзанға түседі, – дейді «Шебер ЖБИ» ЖШС директоры Санжар Әлменов.

Санжардың айтуынша, кәсіпорын дайындайтын биіктігі 60 сантиметрге дейін, ал ұзындығы 2 метр, ені 40 сантиметр болатын іргетас құймалары сұраныска ие. Ал көпқабатты үйлерге пайдаланатын плиталар өңірден бөлек, Түркістан облысы, Шымкент пен Нұр-Сұлтан қаласына жіберілуде.

– Бағасы да тым аспандап тұрған жоқ, нарықтағыдан 10-15 процентке арзан. Өйткені, шикізаттың барлығы өзіміздің ғой. Шиеліінің цементі, Жаңақорғанның тасы, ал топырақ қала маңынан алынады. Тағы бір айтатын нәрсе, көлемі екі метрден басталатын құрылыс плитасының ұзындығы 9 метрге дейін созыла береді. Соңғы 9 метрлік темірбетонды плита өнімдері көп жерде шыға бермейді. Облыста біздің кәсіпорын ғана дайындап отыр, – дейді С.Әлменов.

Бір жерде қатар орналасқан қос өндіріс ошағының қарқыны жаман емес. Құрылыс заттары қымбат уақытта жергілікті жерден өнім шығаруды мақсат еткен жігіттердің бағыты айқын. Аймақ экономикасына дем берер мұндай кәсіпорындардың көптеп ашылуы тұрғындардың да жұмыспен қамтылуына тиімді болып тұр.

– Құрылысқа қазақ жігіттерінің ебі барын кешегі пандемия дәлелдеп берді. Өйткені, шекара жабылған соң сырттан келетін өзбек-тәжіктің жұмысшылары бері қарай өте алмады. Тіпті, құрылыс компаниялары, үлкен үй тұрғызып жүрген мердігер мекемелердің өздері өзбек бригадасын алып, кәсіп қылу басқаның қолынан келмейтіндей көретін. Сіз көрген қос кәсіпорындағы кейбір технологиялық құрылғыларды қазақ жігіттері өздері ғаламтордың көмегімен ойлап тауып, жұмыс күшін жеңілдетіп отыр. Мұнда жұмысшы аз болса да, бар салмақ жабдықтарды жаңартуға салынған. Жұмысшы қызметін инновациялық технологиялар арқылы жүзеге асырудамыз. Сонымен қатар, кәсіпорындарда өнім бағасы да өзге кәсіпорындардан арзан, – дейді өндіріс басшысы Еркебұлан Үргенішбаев.

Суретті түсірген
**Н.НҰРЖАУБАЙ**

1-бет

**Былтыр өткен ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауы қарсаңында «Nur Otan» партиясы елді тұрақты дамыту, азаматтардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру бойынша өзінің сайлауалды бағдарламаларын қабылдағаны баршаға белгілі. Бағдарламаларды кезең-кезеңімен орындау үшін нақты іс-шаралар белгіленген Жол карталары да бекітілді.**

# Сайлауалды міндеттемелер: талдау не көрсетті?

Қаңтар айында өткен кезектен тыс XXI съезде партия алдына жаңа міндеттер қойылып, оларды орындау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл үшін «Nur Otan» партиясы өзіне жүктелген жұмыстарды қайта қарап, барлық партиялық органдардың, фракцияның, қоғамдық кеңестердің жұмыс тиімділігін арттыруды қолға алды. Осы мақсатта сайлауалды міндеттемелердің толық орындалуы үшін фракция отырыстарында әр елді мекен бойынша өңірлік сайлауалды бағдарламалардың 2021 жылғы іске асырылуына талдау жасалып, Жол карталарының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету бойынша құрылған жұмысшы топтардың есептері тыңдалды.

Есеп беру кезінде фракция мүшелері мен жұмысшы топ арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігі атап өтіліп, нәтижесінде көптеген жұмыс атқарылғаны анықталды. Атап айтқанда, партияның облыстық, қалалық және 7 аудандық Жол карталарында былтырға 717 іс-шара жоспарланса, олардың 688-і яғни, 96,0%-і орындалып, 29-ы бүгінгі күні іске асырылуда.

Бұл индикаторлардың нәтижелі орындалуына партияның өңірлік филиалы төрағасы, облыс әкімі Гүлшара Наушақызының жұмысты жүйелі ұйымдастыруы мен Жол картасының әрбір іс-шарасын облыстық мәслихаттағы жауапты фракция мүшелерінің жергілікті бағдарлама әкімшілерімен бірігіп әрекет жасауы септігін тигізуде.

Өткен жылы орындалған шараларды сараптасақ, Жол карталарында жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыру бойынша Қызылорда қаласы, (98,8%) Сырдария (98,4%) және Жалағаш (97,3%) аудандары алдыңғы қатардан көрінді.

Атқарылған жұмыстарды айтсақ, аймақта жаңа өндірістерді құру және шағын, орта бизнесті дамыту бойынша кварц құмын байыту тау-кен комбинаты, табақ шыны өндіру және қайта өңдеу зауыты, темірбетон құбырлар және керамзиттен құрылыс материалдарын шығаратын зауыттар іске қосылған.

Агроөнеркәсіп кешенінде күріш және жем зауыттары, мал бордақылау алаңдары, асылтұқымды мал басын көбейту жобалары, күрішті кешеттеп егу, алма бағын отырғызу, 100 гектар жерге қызанақ егу, жаңбырлатып суару әдісімен жүргізу, ара шаруашылығын дамыту жобалары іске асырылып, ет пен қымыз өңдеу цехтары іске қосылды.

Жол картасына сәйкес өмір сүруге жайлы аймақ құру мақсатында жол, ауызсу, елді мекендерді газдандыру шаралары жүргізілді. Нәтижесінде, өткен жылы 48 мыңнан астам халқы бар 5 елді мекен «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілсе, олардың қатарында Жосалы мен Жалағаш кенттері, Шиелі ауданына қарасты Н.Бекежанов, Ш.Қодаманов елді мекендері мен Қазалы қаласы бар. Сондай-ақ, Қызылорда қаласына қарасты Наурыз, Ж.Махамбетов елді мекендерін газдандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Арал ауданының Аққұлақ және Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр мен Майдакөл ауылдары ауызсу жүйесіне қосылды. Байқоңыр қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау жобасы бастау алып, Төретам кентінде сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы жүргізілді.

Облыс, қала, аудандаралық жолдардың сапасын жақсарту да партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылды. Бұл орайда ұзындығы 216 шақырым құрайтын жол күрделі жөндеуден өтті.

Тұрғындарды баспанамен қамту жұмыстары аясында жалға берілетін 695 пәтерді құрайтын 49 үй, 665 пәтерлі 38 несиелік тұрғын үй және жеке құрылыс салушылар есебінен 248 пәтерлі 7 тұрғын үй пайдалануға берілді. Сонымен қатар, Қызылорда қаласында көпбалалы отбасылар үшін арнайы 33 пәтер сатып алынды. Көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу мәселесі де назардан тыс қалмай, өткен жылы Қызылорда қаласында 14 үй және Арал ауданында 4 үй, Қармақшы ауданында 1 үй жөндеуден өтті.

Сайлауалды бағдарлама халықтың сұранысына сай, олардың ұсыныс-пікірлері негізінде әзірленгендіктен, Жол картасында білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы проблемаларды шешу бойынша да жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, 5 денсаулық сақтау нысаны пайдалануға берілді. Олардың қатарында Арал ауданының Шижаға елді мекеніндегі дәрігерлік амбулатория, Жалғызағаш елді мекеніндегі медициналық пункт, Шиелі ауданының Ақтам және Лесхоз елді мекендеріндегі медициналық пункттер және Жалағаш кентіндегі медициналық орталық бар.

Білім саласы бойынша Қызылорда қаласы мен Арал ауданында 1,5 мың орындық 5 мектеп, 480 орындық 4 балабақша, Қызылорда қаласында колледж студенттеріне арналған 2 жаңа жатақхана пайдалануға берілді. Ж.Махамбетов елді мекеніндегі №268 мектебіне 200 орындық қосымша ғимарат құрылысы жүргізілді. Мектептерді жаңа модификациялы пәндік кабинеттермен қамтамасыз ету 88,1%-ті құраған. Мемлекеттік бағдарлама көрсеткіштері бойынша инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектептер үлесінің негізгі жоспары өткен жылға 80% болса, ол 92,1% орындалды.

Салауатты өмір салтын ұстану мақсатында Жол карталарында спортты дамытуға басымдық беріліп, бұқаралық спортты дамытуға жағдай жасау үшін былтыр мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізде 6 жоба қаржыландырылып, іске қосылды.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Жосалы, Жалағаш кенттері және Арал ауданының «Қамыстыбас», «Аманөткел», Қазалы ауданының Пірімов ауылдарында 5 спорт кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Бір жабық бассейн кешені және 12 стритбол алаңы пайдалануға беріліп, 2 спорт кешені күрделі жөндеуден өтті. Бұл – өткен жыл бойына Жол картасы аясында атқарылған істердің ең негізгілері.

Осыған орай фракция мүшелері Жол карталарының іске асуы өткен жылы өңірде оң әлеуметтік-экономикалық өзгерістер әкелгеніне назар аударып, бұл жұмысты әрі қарай жалғастырып, осы жылға жоспарланған іс-шаралардың мерзімді жүзеге асуы үшін оларды қаржыландыру мәселерін шешу бойынша тиісті жұмыстар жүргізуде.

Сонымен бірге Жол карталардың орындалу барысына филиалдар жанындағы қоғамдық кеңестер мен партиялық бақылау қызметтері арқылы мониторинг жұмыстары жыл бойы тұрақты түрде жүргізіледі. Бұл Жол карталарының биыл және алдағы жылдарда да уақытылы және сапалы жүзеге асуына мүмкіндік беріп, партияның сайлауалды уәделерінің толық орындалуын қамтамасыз етеді.

Өздеріңіз білетіндей, 1 наурызда өтетін кезектен тыс XXII съезде партия жұмысын жаңғыртудың негізгі бағыттары айқындалып, үлкен жаңару көзделуде. Бұл тұрғыда алдағы съезд партия жаңғыруына мұрындық болады деп ойлаймыз.

Партияның іргесі қаланған күні өтетін съезде дамудың жаңа бағытының белгіленуі айтулы оқиға десек, Төраға реформалардың жоғары қарқынын белгілеп, партия мүшелерін Жаңа Қазақстан құруға жұмылдыруда, ал жаңарған партия өз кезегінде оны толық қолдайды.

Сондықтан партия елдегі қоғамдық-саяси жағдайға сәйкес өз жұмысын күшейтіп қана қоймай, Төраға қойған міндеттерге сай еңбек етіп, жұмысында жаңа қадамдар жасайды.

**Ләйлә ТӨРЕШОВА,**
**«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары**

Ғанибек Қазантаев, Қызылорда қаласының әкімі:

# «ШЫНАЙЫЛЫҚ ҚАНА ТІРШІЛІКТІҢ

**Өңірдің өркендеуі әдетте орталықтың дамуымен айшықталып жатады. Олай болса, екі ғасырдан астам тарихы бар көне шаһардың өркениетке бетбұрысы қалай? Осы тұрғыда облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінің өкілдері қала әкімімен сұхбат құрған еді.**



**– Ғанибек Қонысбекұлы, облыс орталығына басшылыққа келгеніңізге 10 айдың жүзі болды. Тарихи қаланың қайнаған қызметін білеміз. Әйтсе де, кешегі қаңтар басындағы қаралы оқиға атқарушы биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігін жаңа қырынан ашып берді. Мемлекет басшысының ендігі ұстанымы өткір. Ұлттық арнаға берген сұхбатында да Президент реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету деп атап өтті. Бұл үдеріске қандай үн қосар едіңіз?**

– Алдымызда үлкен өзгерістер тұрғаны белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ашық айтып отыр. Бұл бір күндік мәселе емес. Президенттің сұхбатынан кейін осындағы бөлімдермен отырып пікір алмастық. Қандай қате жібердік, саяси олқылықтар қайдан кетті, міне, осының бәрінен сабақ алуға тиіспіз. Бір ғана мысал, Мемлекет басшысы айтты: «Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады» деді. Мұнан әрі Президент: «Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірде-бір қазақ шетелде жұмыс істемейді, жайбарақат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды. Өкінішке қарай, бұл – «сырьевое проклятье», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары» деп нақты көрсетті. Мұның астарында үлкен мән бар. Мұнайға малданып жүріп көп нәрседен айрылып қалдық. Босап қалдық. Көрші елдерге «бұлар неге қаңғып жүр» дегендей күлдік. Ал олар барып жұмыс жасады, әлі де істеп келе жатыр. Енді өзгеріссіз болмайды.

**– Бұл жерде жастар саясатына қатысты өткір-өткір мәселенің басы ашылып отыр. Бұған дейін талдау, таразылау әрекеттері жасалды ма? Күні кеше инвесторлармен кездесуде жергілікті жастарды жұмысқа тарту жөнінде ұсыныс айттыңыз. Бұл қалай жүзеге асырылады?**

– Осы арада мына мәселені айта кетейін. Өткен жылы жастар орталығында кездесу өткіздік. Бізде қаншама кәсіптік колледждер бар. Оларда қанша бала бітірді, жұмысқа орналасуы қалай, болмаса бос жүргендері қанша, олар не істеп жатыр, пайызы, нақты көрсеткіштер бар ма, біз қандай көмек бере аламыз деген сұрақтарға жауап іздедік. Жалаң ұранның, жағымпаздықтың дәуірі өтті. Мақсат – қандай да бір мамандық алып шыққан жасқа жұмыс көзін табу, өмірге, еңбекке бейімдеу. Бұл үшін не істей аламыз? Осыны ойластыра келе қалалық әкімдіктің мүмкіндіктерін пайдаланып, құрылысшы, аспазшы, дәнекерлеуші, бір сөзбен айтқанда әртүрлі мамандық алғандарды еңбек көздеріне тартып, мекемелерде іс-тәжірибеден бастап жұмысқа орналасу жолдарын қарастырдық. Көзінде оты, намысы, еңбекке құлшынысы бар жастар далада қалмайды. Мұны көрген келесі толқын да ынталана түседі. Осы бағытта тиісті мекемелермен, кәсіпорындармен байланыс орнаттық. Биыл 1860 адам бітіреді, қазіргі міндет – олардың мамандығына сай іс-тәжиірбеден өтіп, жұмысқа қабылдануына жағдай жасау. Мейрамханаларға дейін өз ұсынысымызды айттық, олар қарсы болып отырған жоқ. Біз ендігі өзгерісті осындай бастамалардан күтеміз.

Иә, кеше Қызылордаға арнайы келген түркиялық «DEMS constraction» және «Tremesheli Holding» компанияларының басшыларын қабылдадым. Олар облыс орталығынан 9 және 14 қабатты тұрғын үй кешенін салуға ниет білдіріп отыр. Бұл Қызылорда қаласы үшін ерекше ұсыныс. Жиырма жылға жуық шет мемлекеттерге инвестиция құйып, ғимараттар тұрғызған қос компанияның да тәжірибесі мол, нарықта беделі жоғары. Сондықтан олар еліміздің алғашқы астанасы атанған Қызылорданың төрінен соңғы үлгідегі көпқабатты үй салуды мақсат етіп отыр.

Жоспар бойынша мың пәтерлік көпқабатты үй салынады. Кешенді құрылысқа емхана, мектеп, балабақша, спорттық алаңдар кіреді. Инвесторлар жобалау жасаса, облысымызға танымал «ДорСтрой» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Нысан орны да белгіленген. Біз инвесторларға әкімдік тарапынан барынша қолдау көрсетіліп, инфрақұрылым жүргізу жұмыстарын жеделдетуіміз қажет. Сонымен қатар, оларға сырттан маман алдырмай, кәсіптік оқуды тәмамдаған қызылордалық жас мамандарды қайта даярлап, жұмысқа қабылдау жөнінде талап қойдық. Өте жауапты жұмыс үшін әрине, бұл оңай ұсыныс емес. Бірақ, батыл қадамға бармасақ, көзқарасты өзгертпесек бәрі кеш. Онсыз да көп нәрседен кешігіп қалдық. Компания басшылары ойымызды қолдады. Егер біз осы бастамалардан нәтиже шығара алсақ, жергілікті қалыптасып қалған «Дәнекер», «Әбусер», «Интергазстрой» секілді құрылыс компанияларымен де әріптестікті жолға қоя алар едік. Жасыратын несі бар, құрылыс компаниялары өзбекті күтіп отырады. Шекара жабық болса өзбек жоқ, өзбек жоқ болса біздегі құрылыс тоқтайды. Еңбек бәсекесіне өз күшімізбен шыдас бермей, алға жылжи алмаймыз. Мемлекет басшысының жастардың ісін үйлестіруге ерекше маңыз беріп отырғаны да осы.

**– Ашықтық пен жариялылық қағидасына қандай ой қосар едіңіз? Ескі сарыннан арылып, тың жол табуға болады ғой...**

– Қай кезде де әкімнің еңбегіне халық баға береді. Биыл халықпен кездесулерді жаңа мәтінде ұйымдастырсақ деген ойымыз бар. Бұрынғыдай атқарылған істі тізбектеп тұрмай, қысқаша бейнебаян арқылы көрсетіп, кездесудің негізгі өзегін сұрақ-жауап, талқылауға арнасақ дейміз. Қалай дегенде ескі сарын енді жүрмейді. Байқасаңыздар, экономикалық тұрғыда барлық облыстарға ақша бірдей бөлінсін деген пікірлер айтылып жатыр. Қаржы алып келе алмайтын әкімдер қызметінде қалмасын дегендей саясат та бар. Алда көптеген өзгерістер болады. Мемлекет басшысы наурыз айындағы Жолдауында жаңа тұжырымдаманы нақтыламақ. Жаңа бағытқа еретін адам еруі керек, кететін адам кетуі керек, деген ұстаным ашық айтылып отыр. Мұны әрине, қолдаймыз.

**– Сіз қалаға әкім болып келгенде алдымен аяқсу мәселесін қолға алдыңыз. Өзен іргесіндегі қаланың өткір мәселесі ізге түсетін сыңайы бар ма?**

– Несін жасырайық, әдепкіде сын да айтылды, алыпқашпа сөз де қаулады. «Канал жағалап неғып жүр, қаланың басқа шаруасы жоқ па» дегендей блогерлер шулады. Ойланып көріңізші, суы жоқ көше қалай көгермек? Арығы жоқ аула қалай ажарланбақ? Бұл өзге шаруа өзінде қалсын деген пайым емес әрі аяқсудан абырой жинайын деген пиғыл да жоқ. Не болса да байыбына барып әрекет ету керек емес пе?!

Қарапайым ғана мысал, мен де бес жыл осында жоғары оқу орнында оқыдым. Сонда біз стадионның қасындағы шағын канал басында қызықты сәттерді өткізетінбіз. Соны іздедім. Неге? Себебі ол шағын каналдан қалаға аяқ су еркін шығатын. Тазаладық, ретке келтірдік. Алайда, дария деңгейінің төмендігі бұл мүмкіндікке мұрша бермеді, бірақ оны басқа су арнасы арқылы іске қосып жібердік.

Сырдария өзенінің кейінгі уақыттағы күйі белгілі. Су деңгейі тіпті түсіп кетті. Әйтсе де, біз былтырғы күз айларында көп жылдардан бері су бармаған бірнеше көшеге су аяғын жеткіздік. Мысалы, Жеңіс көшесіне барғанымда ондағы тұрғындар жиырма жылдан бері су келмеген көшенің өзегіне қан жүгіргенін айтып, ризашылық білдірді. Бұл жағдай маған тағы бір ой салды. Табиғи құбылыс дейміз бе, әлде басқалай себебі бар ма, зерттеушілердің пайымынша өзендегі су жағдайы әзір қиын болғалы тұр. Сондықтан, біз жоба-сметалық құжаттар дайындап, 24 ұңғыманы іске қосуға бел будық. Бұрындары аяқсу қаланың орталығы ғана емес шет аймақтарының өзінде еркін ағып жататын. Сол су жүрген канал, арықтардың ізі бар, қазір қандай көзін таба аламыз, қысқасы, осының бәрін зерттеуге 4 айдай уақыт кетті. Жобамызды Экология министрлігіне апарып министр Мағзұм Мырзағалиевпен кездесудің сәті түсті. Жобаны таныстырдық. Әлгі 24 ұңғыманы қазу тиімділігін дәлелдедік. Біріншіден, бұл дариядан жырғыштап су алудан құтқарса, екінші – қаланың іргесін басып баратын ыза суды азайтудың көзі.

Мен де қаланың тұрғынымын. Қазіргі жағдайда ағаш ексеңіз ары кеткенде екі жыл ғана көгеріп, курап қалады. Себебі, ыза су жақын. Ал ұңғыма қазсақ, оның белгілі деңгейде жер қыртысын құрғатуға септігі тиер еді. Жалпы, ұңғыманың өзін қазу 2,5-3 млрд теңге. 60 метр тереңдіктен су шығарамыз. Оны қазып қойып, қарап отыруға тағы болмайды. Көздеген мақсаттан нәтиже шығарамыз десек, каналдарды, кіші каналдар мен арықтарды, құрылғыларды түгелдей ретке келтіріп, қаланың қай шетіне болса да аяқсу жеткізуіміз керек. Жобаны министрлікке ұсынғанымыз да сондықтан. Олар қолдап отыр. Өкінішке орай, жоба бойынша жұмыс әзір басталып кеткен жоқ. Алдағы жартыжылдықта қолға алынуы тиіс. Оған қарамастан қаланың ортасынан 10, сол жағалаудан 2 және ауылдық елді мекендерден су ұңғымаларын қазуды бастап кеттік. Мұның бұрынғыға қарағанда экономикалық жағынан тиімділігі бар. Мысалы, су айдайтын насосқа 70-80 млн теңге жұмсасақ, бір ұңғымаға 14-15 млн теңге кетеді. Ең бастысы – оның жұмысын жүргізуді кәсіпкерлерге беру. Әкімдік мұндай қызметтерді бірыңғай мойнында ұстауға болмайды. Бұл – нарықтық қатынастың талабы, әрі көптеген жерлерде бар тәжірибе.

**– Нарықтық бәсекелік орта дегеннен шығады, «Қызылорда тазалығы» мекемесінің «Қызылорда су жүйесіне» қосылуын қалай түсіндірер едіңіз?**

– Басынан ашып айтайық, қалай болғанда да «Қызылорда тазалығы» мекемесі бәсекелік ортаға кетуі керек. Бұл Үкіметтің 2022 жылы орындалуы тиіс тапсырмасы. 2021 жылы Түркістан, Алматы, Нұр-Сұлтан қаласы және біз төрт өңір қалдық. Содан сатуға қойдық. Әдепкі 1 млрд 235 млн теңгеге ешкім қатыспады. 50 пайыз түстік, 700 млн-ға да ынта білдірген жан жоқ. 50 пайыз тағы түстік, яғни 350 млн теңгеге де өтпеді. Енді қандай амал бар? Жан-жақтағы әріптестерге, кәсіпкерлерге шықтық, онан да нәтиже болмады. Бір күн емес, санаулы сағат тазалақ жұмысы жүрмей қалса, қаланың халін елестете беріңіз. Әбден тұйыққа тірелдік. Бұл сұраққа ешқандай жауап болмады. Ақыр аяғында бір амалы табылғандай болды. Ол – «Қызылорда су жүйесіне» қосу арқылы ғана әрі қарай әрекет етуге болатын жалғыз амал. Осылайша, екі мекеме бірікті де «Су жүйесінің» атқаратын міндеттеріне тазалық қызметін жүргізудің тетіктері енгізілді. Бұған тиісті орыннан рұқсат алынды. Әрине, бұл екеуі де шығыннан шыға алмай титықтап отырған мекемелер. Қатты уайымдадық, бірақ басқа жол жоқ. Қарыз қордалана береді. Қарап отыруға болмайды. Сол себепті мекеме мамандарымен, сала ардагерлерімен ақылдасып, не істейміз дегенге жауап іздедік. Зерттей келе су жүйесіндегі біраз олқылықтың беті ашылды. Әсіресе төлем жасауға келгенде бұғып қалатын ірі-ірі кәсіпкерлік нысандар, мейрамхана, көлік жуу орындары шыға келді. Жасыратын несі бар, тұрғындар арасында жарық пен жылуға қарағанда судың төлеміне немқұрайлы көзқарас қалыптасқан.

Тазалыққа қатысты да сын көп. Техникалардың тозығы жетіп тұр. Биылғы қысқа 25 техника дайындадық. Бар күшімізбен шықтық. Қалада 800-ден астам көше бар, оның тазалығын ұстап тұру оңай емес. Енді қараңыз, мен өз басым үйдегі қоқысты шығару үшін «Қызылорда тазалығы» мекемесімен келісім-шартқа отырмаймын. Неге? Себебі, қоқысты айтқан мезеттен үш күннен кейін алып кететін мекеме қызметінің қажеті жоқ. Асылбек деген жігіт бар, айтқан күні біреуді жалдаса да міндетін орындайды. Әділ әрі еңбегіне ақысы сай. Міне, нарықтың талабы. Осы жағдайды ойластыра келе жан-жақтағы мамандар, кәсіпкер азаматтар бар, жинап, талқылауға салдық. Оларға «Белгілі бір шағын ауданды алыңыздар, сараптама жасап, сол аумақтың тазалығына жауапты болыңыздар. Біз өз тарапымыздан қолдан келер мүмкіндіктерді, субсидиялауды қарастырайық» деген ұсыныс айттық. Қозғалыс пайда болды. Кейбір кәсіпкерлер техника алуға талпынып отыр. Бұл мәселені өзім Шымкент қаласына барып зерттеп көрдім. Олар тәжірибе жүзінде жаппай емес әрине, бір-бірлеп кәсіпкерлерге берген. Мысалы, бір кәсіпкер бес-алты техникасымен тиісті аумағын тазалап, ақшасын жинап, міндетін мұнтаздай етіп орындайды. Үздік-создық жұмыс жоқ. Бәрі тәртіпке сай. Түбінде біз де осыған келеміз. Бастамалар алты айдың көлемінде нәтижесін беруі тиіс. Қазір қолда бар техникалардың өзін мейлінше іске қосуға, ынталы кәсіпкерлерге беруге ұйғарым жасадық. Өйткені, кәсіпкерлер ары қарай алып кетуі тиіс.

**– Осы арада тағы бір түйткіл бар. Бұл – тұрғындардың ертелі-кеш өкпе-ренішін тудырып жататын коммуналдық қызмет көздеріне байланысты жауап ала алмай пұшайман күй кешетіні. Цифрлық даму дейміз, осының жолын табуға болмай ма?**

– Бізде 109 пилоттық жобасы бар. Осының қызметін қалаға пайдалануды сұрадық. 109 не үшін арналған? Ол – диспетчерлік байланыс. Халық осы байланыс көзі арқылы хабарласып отыруы керек. Мұны облыс басшылығына айттық, бірақ шешімі табылмай келеді. Біз оның жұмысын үйлестіруге дайынбыз. Мен өзім қаланың тұрғыны ретінде 109-ға арнайы хабарластым. Тұрғылықты жерді, ауызсудың жоқ екенін, қашан іске қосылатынын сұрадым. Бірақ олар жауап айта алмады. «Су жүйесіне» хабарласыңыз, тегін телефонғой» дегеннен арыға бармады. Бұлай болмауы керек. Егер ол қалаға өтсе жылу, жарық, газ, су жүйесі, қоғамдық көлік, тазалық, қысқасы, коммуналдық қызметтің барлық түрлеріне ортақ тиімді байланыс тетігін орнықтырар едік. Ол үшін тиісті әр мекемеден мамандарды оқыту да ойда бар.

Қазір қалай, жылу болсын, жарық болсын қоңырауға ешкім жауап бермейді. Жауап болған күннің өзінде үзіліп-созылып бәрі біткен соң келеді. Ал, жаңа байланыс тетігі бір көзден барлық қызметке жауап бере алар еді. Мысалы, жарық сөнсе пәлен уақытта қосылады немесе сіздердегі ақауға байланысты мамандар шықты, осынша уақытта жетеді дегендей мамандандырылған орталықтан нақты жауап болар еді. Бұл бір жағынан әлеуметтік желідегі оңды-солды даурықпаның алдын алады. Ал оған сол уақытта нақты жауап жазылса бұлай ушықпас еді. 109 – ережесінде көрсетілгендей, коммуналдық қызметтің мамандандырылған бірегей байланыс көзі. Мұны қолданысқа енгізу халықтың сұранысына жауап қана емес, қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал зор.

**– Ғанибек Қонысбекұлы, өзіңіз байқап отырғандай бүгінгі сұхбатымыз сықиған цифрға емес, нақты бағыт-бағдарға құрылып отыр. Әйтсе де талай мәрте талқыға түсіп, бірақ шешімі шиеленісіп кете беретін өзекті мәселенің бірі – қоғамдық көлік жайы. Осының жолын**







# ШЫРАЙЫ БОЛА АЛАДЫ»

**табатын уақыт жетті емес пе? Цифрлық даму дейміз, қажеттілігі анық көрінсе 109 қызметін неге пайдаланбасқа?**

– Жаңа ғана айтып отырған 109 байланыс желісі қоғамдық көлікке де қатысты. Қазір мекеменікі не жеке болсын автобустарға GPS қойып жатырмыз. Егер 109 қызметін пайдалана алсақ, қоғамдық көліктегі проблеманы сейілте алар едік. Мәселен, сіз аялдамада тұрсаңыз қай нөмірлі автобустың қанша уақытта келе алатынын, оның ара қашықтығын, өзге де ақпараттарды біле аласыз. Осы кезге дейін су жүйесіндегі, тазалықтағы техникалардың бәріне GPS қойылды. Жұмыста реттілік, тәртіп орнай бастады. Саралай келгенде, коммуналдық қызметтің бәріне қатысты ақпараттық шоғырды автоматты әрі мамандандырылған түрде үйлестіретін қызмет көзі керек бізге. Ескі сарыннан арылмай отырмыз. Бір жерде қоқыс көрсе не автобус тұрып қалса жалаулатып желіге жүктеп, «біткен қала ғой, әкім қайда қарап отыр» деп оңды-солды пікір жазамыз.



Бірақ, кейінгі уақытта осындай пікірлер қалайша сирексіп қалды? Алдымен себебін зерттедік. Автобус паркінде 5-ақ бағытта әлеуметтік маңызы бар қоғамдық көліктер бар. 21 маршрут жеке тасымалдаушылар. Олардың бір адамды тасымалдау құны – 126 теңге. Қалалық әкімдік 90 теңгеден қойып отыр. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар бар, олардың бәріне жылына 12 млн 400 мың теңгедей қаржы қажет. Әрине, арыз-шағым көп. Мысалы, мен тасымалдаушы болсам «час пик» дейміз ғой, сондай сәтте қызметімді атқарамын да басқа уақытта немқұрайлы қараймын. Өйткені, шығын. Сонан арақашықтық сақталмайды, жүру кестесі бұзылады, халықтың шағымы арта береді. Осы арада айналып әлгі 109-дың қызметі тағы сұранады. Жеке тасымалдаушыларды субсидиялау мәселесі жауапты басқарма, басқа да мекеме өкілдерімен 4 ай қаралды. Мұнда 126 теңге мен 90 теңгенің арасындағы қаржы төленуі керек емес пе?! Мәселен, субсидия ауыл шаруашылығында тыңайтқышқа да, жанармайға да, суға да төленіп жатыр. Бірақ, сол күрішке субсидия алған адам оның наркын ұстап тұра алмайды. Оны нарық айтады және нарықтың құнымен сатады. Сонда ол қандай субсидия? Бұл субсидия емес, ол – ауыл шаруашылығын қолдау. Егер субсидия болса «күрішті 200 теңгеден қоясың, өзіндік құны мынадай, ортасы төленеді» болуы керек. Ал көлік қызметі нағыз субсидиялауға жатады. Бұл халыққа керек. Алайда бұл арада тағы бір қиындық бар. Мәселе электрондық билеттің қосылуына қатысты. Оған әзір қарсылық бар. Бірақ, сол қадамға бармай, болмайды. Субсидиялаудың талабы – ашықтық пен жариялылық. Бір автобустың бір күнде қанша адамды тасымалдағанын біз қайдан білеміз? Ол тек электрондық билет арқылы шешіледі. Екінші қиындық – әр адамның құқы бар, бірі билетпен, енді бірі нақты ақшамен есеп айырғысы келеді. Үшіншісі – электрондық билет ішінде GPS бар, оны тұтынушы «мен жүрген жерімде автобустың қозғалыс бағытын, уақытын қарап тұруым керек» дегендей талап қояды. Сондықтан, субсидиялау тәртібі қатаң. «Алмақтың да салмағы бар». Бұрынғы «ұзын арқан, кең тұсау» субсидия талабына жүрмейді. Осының бәрін көлік қызметіндегі тасымалдаушыларды әкімдікке жинап, талқылап, түсіндірдік. Міне, осыдан бастап халық арасында арыз-шағым азая бастады. Әйткенмен, әзірге субсидия төленген жоқ. Оны іске асыру үшін облыстық мәслихаттың шешімі керек. Ол шешімге дейін 21 маршрут әлеуметтік маңыздағы деп танылып, алдымен Қоғамдық кеңестен, онан кейін тәуелсіз сараптамадан, онан әрі министрліктен өтуі тиіс. Біз Алматы, елорда жағалап жүріп осының бәрінен өттік. Өтіп келіп мәслихатқа келгенде «әлеуметтік маңызы бар маршрут неге көп» деген сұрақ алдымыздан шықты. Сонда, орталықтағы адамдарға қызмет көрсететін маршруттардың әлеуметтік маңызы бар да, шет аймақтағылар оған жатпай ма? Қайта шет аймақта тұратын халықтың мұқтажы тереңірек ескерілуі керек емес пе?

Қалай болғанда да біз субсидиялауды жүзеге асыруымыз қажет. Тасымалдаушылар GPS қондырғыларын орнатып, жаңа тәртіппен іске кірісіп жатыр. Аялдамалардағы ақпараттық тақталар да іске қосылды. Сәтін салса, Қызылорда қаласында осылайша жеке тасымалдаушыларды субсидиялау қызметі алғаш жүзеге асатын болады.

Нарықтың аты нарық. Бұл ақпаратты естіген бірқатар кәсіпкерлер өз ұсыныстарын айтып, автобустар алып келуге құлшынып отыр. Өйткені, табыс бар. Табыс болған жерде бәсеке қалыптасады, бәсеке еңбектің сапасын ширатады.

**– Қазір «Мейірімді Қызылорда» атты қор бар. Оны құрудағы мақсат нәтиже көрсетті ме?**

– Нәтиже бар. Ол қалай болды? Қалаға әкім болып келгеннен кейін «Бәйтерек», «Сабалақ» сынды шағын аудандарда тұрғындармен кездестік. Айқай-шу, бірі қаржы сұрайды, бірі науқас баласын емдетуді айтады, әйтеуір толып жатқан проблема. Не істеуге болады? Бұрын-соңды мұндаймен бетпе-бет келмеген өз басым әдепкіде қатты қиналдым. Арыз-шағымның астары не? Шын мұқтаждық па, әлде әдіс алып қалған айла-шарғы ма? Бәрін білу, сараптау керек болды. Кәсіпкерлер, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салалары, бәрі-бәрімен кеңесе отырып осындай қадамға бардық. 17 күн дегенде қор құрылды. Оның басшылығына әлеуметтік қорғау саласынан зейнетке шыққан тәжірибелі кісіні бекіттік. Қор құрылып ары қарай жұмыс жасайтыны жөнінде депутаттар, блогерлер, тиісті саланың мамандары бар барлығын қатыстыра отырып, тұрғындармен кездесуде түсіндіріп айттық. Әдепкіде «қор ашқан екенсің ақша берсін, алып бере алмасаң несіне әкімсің» деп даурыққандар шықты. Мен әкім ретінде қордың жұмысына еш араласа алмаймын. Тек «мына кісінің өтініші бойынша мәселені қарасаңыздар» деген ұсыныс қана бере аламын. Ұсынысқа сай қор өз міндетін атқарады. Әділетті жолы – осы. Бірақ, айқай-шу басылмады. «Бізге қолма-қол ақша бересің» дейді. Олай болмайды. Ақыр-соңы айқайшыл топты бейнежазбаға түсіріп, бір-екеуіне әкімшілік іс қозғап, айыппұл салдық. «Қазантаев бізді қыруға келді ма?» деп тағы шықты. Бірақ түсіндірдік, мына ғимаратты, көк байрақ туды, елді сыйлау керектігін айттық. Шын мұқтаж ба, қор арқылы дәлелдеп алсын. Комиссия жұмыс жасады. Әуелгі толқында жаппай барды, онан кейін саябырси бастады. Өйткені, көп жағдайдың ақ-қарасы ашыла түсті.

Кешегі қаңтар оқиғасынан кейін екі көпбалалы ана қамалды. Бас прокуратурадан, ұлттық қауіпсіздік комитетінен өзге де тиісті органдардан мамандар келді. Олар алаңға неге шықты? «Әлеуметтік мәселелері шешілмегеннен шықты» деді мамандар. Сонда біз олардың қордан қаншалықты көмек алып отырғанын алға тостық. Қордан қанша ақша алған, киім-кешек, азық-түлік, дәрі-дәрмек, Алматыға не елордаға квотасы, бәрі-бәрінің есебі тұр. Екінші, Үкіметтен атаулы әлеуметтік көмек алып отыр. Мұндай жағдайда мұқтажбын деп адам алаңға шыға ма? Келген мамандарға осындай дәлел ұсындық. Міне, құрылған қор жұмысының нәтижесі. Біз ешкімді далада қалдырып отырған жоқпыз. Ал бірақ, адамның ар-намысына тиіп, аузына келгенді айту жақсылық емес. Несін жасырамыз, айқайшыл топ әрекеті мұнымен де тыйылған жоқ. Нақты ұсынысы бар, мәселесі дұрыс, түсініс аламыз деген 35 адамды жеке қабылдауға шақырдық. Сол екен сырттан 40-50 әйел кіріп келді де айта беретін әдеттеріне басты. Қабылдау жүргізуге келгендер үрпиісіп олар қалды. Бейнежазбаға түсірдік, әлеуметтік желіге жүктедік. «Міне, көпбалалы ананың сыйқы». Қоғам көрсін, білсін деп әдейі желіге салдық. Қазір жағдай өзгерді. Мұқтажын айтып келгенді қорға жібереміз. Олар қарап, сараптап, әділ шешімін жасайды. Республикада құрылған «Қазақстан халқына» қорының мамандары хабарласып, тәжірибе алмасып отыр.

**– Қалада жаңа полигон салынды. Біз бұл мәселеде қаншалықты алға жылжыдық дей аласыз?**

– Бізде екі полигон бар. Бірі – ескі, екіншісі – жаңа. Жаңасы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынды. Зауыт қойылды. Ескі полигонға қоқысты әлі де түсіріп жатыр. Оны өртегеннен кейін Белкөл, Тасбөгет аумағын, қаланың «Саяхат» ауданына дейін жағымсыз иіс алып кететіні белгілі. Мәжіліс депутаттарын да басына алып барып көрсеттік. Мән-жайды барынша жеткіздік. Министр Мағзұм Мырзағалиевке барғанда екінші мәселе осы полигон жайы еді. Қаражат керек. Полигонды дұрыс ұстау үшін оны көміп, су жүргізіп, ағаш егілуі тиіс. Биыл жыл аяғына дейін осындай жұмыстарды ретке келтіруді көздеп отырмыз. Жаңа полигонның да ширықтыратын шаруасы бар. Жұмыс бірте-бірте қалпына келуде.

**– Білуімізше, Қоғамдық кеңес құру бастамасы Сырдария ауданында өмірге келді. Бұл кеңес бүгінгі қоғамға қалай қызмет етіп отыр деп ойлайсыз?**

– Қалаға әкім болып келгенде әуелі осы кеңесті құруға бекіндік. Алайда, оның ә дегеннен сәті түспеді. Бірақ, қалай болғанда да осы кеңесті құрмай, оның ықпалын күшейтпей, қаланың тіршілігін ұйыстырып ұстап тұру қиын. Бұл жөнінде алғашқыда марқұм Бақытжан Сайлыбаевпен жоба жасадық. Ол кісінің бұл кеңесті үйлестіріп алып кететініне сендім. Алайда, оның сәті түспеді. Сонда жоба жасағанда қаланы 14 аумаққа бөлдік. Әр аумаққа ел ішінде беделді, сыйлы, сөзіне көпті ұйыта алатын адамдарды төраға етіп бекітуді көздедік. Ондай тұлғалар бар, оларды шығаруымыз керек. Ол кісілермен ай сайын әр аумақтағы маңызды мәселені біліп, талқылап, сараптап, оны нақты іс жүзінде шешуге әрекет жасасақ көп мүмкіндікке қол жеткізер едік.

Сырдария ауданында Қоғамдық кеңестің бес жарым жыл игілігін көрдім. Қай ауылға барсаңыз да халықтың ой-пікірін, ұсынысын кеңес айтып отырады. Осы іс-тәжірибені қаладан да бастадық. Кеңеске мүше болатын адамдарды барлық саладан бекіту жөнінде ұсыныс айттым. Себебі, нағыз шешімді қабылдайтын Қоғамдық кеңес болуы қажет. Кезінде «Егемен Қазақстан» газетіне «Қоғамдық кеңес деген не?» деген тақырыпта бір беттік мақала шықты. Сонан кейін Президент әкімшілігінен мамандар келіп, пікір алмастық. Ең бастысы, Қоғамдық кеңес – елдің саяси ахуалы, бірлігі, татулығы, тіршілігі үшін қызмет ететін ұйым.

Сырдария ауданында Қоғамдық кеңесті барлық салаға араластырдық. Тіпті, әскерге баратын жастардың мәселесіне дейін кеңестің талқысына түсті. Мұғалім не дәрігер болсын, қандай салада да жұмысқа тұратын адамға алдымен кеңестің шешімі қажет еді. Жалпы бұл кеңес дербес болуы тиіс. Оның жұмысына әкім араласса, онда жауып тына салған жөн. Ел ішінде алып-қашпа сөз болмай тұрмайды. Бірақ, бұл кеңес әділ шешім қабылдаудың көзі. Қазақта аузы дуалы, сөзі уәлі, жұртын жұмылдыра алатын аға буын өкілдері аз емес. Осындай сындарлы уақытта олар ел алдына шығып, ақыл-ойын, парасатын, өнегесін көрсетуі керек емес пе? Ал оны осы кеңес арқылы жүзеге асыра аламыз. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ашықтық пен жариялылық қағидатына үн қосудың бір жолы.

**– Жалпы сынға қалай қарайсыз?**

– Сын шын болса жақсы қараймын. Бірінші адам өз өзіне сыншы болуы керек деп ойлаймын. Бәріміз де пендеміз, бірақ қай нәрсені де адамдық парасат сүзгісінен өткізу аса маңызды ғой. Кейде бұл қоғам қайда бара жатыр деп ойланасың. Анау қайда, мынау не, не қарап отыр дегендей желіні шулатып жүргендер аз емес. Мен қандай да бір мәселе болмасын ашық пікірлесуге дайынмын. Мысалы, «Бәйтерек» шағын ауданы туралы төпелеп жазып жатыр. Біз ондағы халықпен кездестік. Не қажет сұрадық. Барды бар, жоқты жоқ дедік. Бірінші кезекте маршрут мәселесін айтты, оны орындадық. Екінші жолды асфальттауды көтерді. Оның жасалмайтынын айттық. Себебі, «Бәйтеректің» 18 проценті ғана игерілген. Құрылыс тоқтамайды, ауыр жүк көліктері жүреді, демек асфальт жол салу әзір тиімсіз. Орталық көшені асфальттауға келістік. Осының бәрін талқылап, тұрғындармен ашық пікірлестік. Осылай бола тұрса да, базбір блогерлер «анау жоқ, мынау не, жол салынбаған, әкім неге отыр» дегендей ақпарат таратады. Міне, осындай байыпсыз, негізсіз сындарға қарның ашады. Тағы да айтайын, мен ашық диалогқа дайынмын. Қай бағытта да жоспарымыз, алға қойған мақсатымыз бар. Әлеуметтік желіге шыққан қандай да бір сұраққа ары кеткенде 5 не 7 минутта жауап жазылуы қажет және ол жауап «мына уақытта қаралады, назарға алынды, құжаттары әзірленуде» емес, бар ма бар, жоқ па жоқ, болады не болмайды дегендей нақты әрі ұғынықты айтылуы тиіс. Біз осы мәселені қолға алдық. Сұраққа жауап неғұрлым уақытылы болса онан кейінгі пікірлер де дұрысталады. Сынға дайынмын, орынды, нақты болса қабылдаймын. Қайта ол кемдікті түзеуге пайда әкелуі мүмкін. Бірақ, өкінішке орай көбінде олай бола бермейді. Бірде бір кісі «Біз мына жерді түсіруге бара жатырмыз, ештеңе айтпайсыз ба?» деп өзі келді. Мен оған не деуім керек? Қайта рахмет айттым. Жасалмай жатқан жұмыс, шын кемшілік болса көрсетіңіздер дедім. Өйткені мен сол кемшілікті тездетіп түзеуге тырысамын. Ал сын шын болмай шықса артынан қуып жүріп жететінімді де жасырмай айттым. Міне, өкінішке орай осындай блогерлер бар. Шынайылық қана тіршіліктің шырайы бола алады. Ашығын айту керек, кәсіби журналистен мықты блогер шығуы мүмкін, ал блогер журналистің міндетін атқара алады деу қиын. Біз қаласақ та, қаламасақ та жаңа кезеңнің талабына сай өмір сүруге көшеміз. Ашықтық, жариялылық, халыққа жақындық өз биігін алған сайын тіршіліктің де мазмұны айқындала түспек. Бұл жолда елдің бірлігі нығая берсін деп тілейік.

**– Уақыт бөліп, ашық пікірлескеніңізге рахмет. Тарихи қаланың тамаша жетістіктері көп болсын!**

Сұхбаттасқан
**Қуат ШАРАБИДИНОВ,**
**«Сыр бойы»**







# АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ
## және ана тілінің тағдыры

**«Алаш қозғалысы» – қазақ елінің саяси-қоғамдық және рухани-мәдени өрлеуіне айрықша ықпал еткен үлкен тарихи оқиға. Ол қалыптастырған зиялы қауым өкілдерінің қазақ тілі жөніндегі, тіл мәртебесін айқындау бағытындағы күрескерлік қызметтері тағылымды мұра болуымен құнды. Ұлт зиялыларының тіл мәселесі төңірегіндегі еңбектерінің маңыздылығы олардың елдік істе қайраткерлігін көрсетсе керек. Ана тілінің мәртебесін көтеру, оны сақтап қалу жолындағы Алаш ардақтыларының жанкешті еңбектерін бүгінгі ұрпақ ұмытпауға тиіс.**

Алаш зиялыларының тіл мәселесі төңірегіндегі ізденістерін бірнеше бағытта қарастыруға болады. Біріншіден, олар қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалап, сан ғасырлық тарихын түбін қопара зерттеп, оның қалыптасуына сара жол салды. Екіншіден, тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін, ұлт өркендеуіндегі орнын айқындап, қазақ руханиятындағы маңызына алғаш баға берді. Үшіншіден, қазақ тілді баспасөзді қалыптастыра отырып, әдеби тілдің публицистикалық жанрын тудырды. Төртіншіден, ғылыми еңбектері, оқу құралдары арқылы ғылыми стиль, ғылыми-көпшілік стиль компоненттері орнығa бастады. Бесіншіден, көркем аудармамен бірге ғылыми, публицистикалық, саяси-әлеуметтік еңбектерді аудара отырып, олар жалпы қазақ аудармасының негізін жасады. Алтыншыдан, Алаш қозғалысы тұсында ресми құжаттар стилі қалыптастырылды.

Қазақ тіл білімінің өзекті проблемалары, арнаулы салалары Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов, Телжан Шонанұлы, Елдес Омарұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгерұлы, Құдайберген Жұбанұлы, Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермековтің оқу құралдары мен мақалаларында түбегейлі дәйектелді. Олардың қазақ тіл білімі тарихындағы орнын 1924 жылы Орынборда өткен тұңғыш съезд айқындап берді. Осы тарихи маңызы жоғары алқалы жиында сөз сөйлеген А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Н.Төреқұлұлының баяндамалары, Т.Шонанұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлының сөйлеген сөздері, білдірген пікірлері тілтану ғылымы мәселелерін шешуде алаштық азаматтардың өзіндік қайталанбас рөлін аңғартқанына тарих дәлел. Бұл жиында басты назар әліпби, емле тақырыптарына аударылғанымен, тіліміздің болашағына қатысты ойлардың туындауына әкелді. Қазақ тілінің ұлттық мәртебесін көтеру басты назарда тұрды.

Қазақ тілінің әліпбиін жасап, емлесін түзумен бірге Алаш зиялылары тіл тазалығы, тіл мәдениеті жолында күрескерлік танытты. М.Дулатұлының «Қазақ тілінің мұңы», Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», Н.Төреқұлұлының «Аурупа сөздері» деп аталатын еңбектерінде тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуы, басқа тілдердің әсері, тіл табиғатының сақталуы, т.с.с мәселелер айтылып, ғылыми еңбектердің тууына ықпал етті.

ХХ ғасырда ұлт тәуелсіздігі жолында күрескен Алаш арыстары ұлттың саяси ұйысуындағы, рухани-мәдени өрлеуіндегі тілдің айшықты рөлін байыптады. Демек, біз бұдан тілді дамыту, қолданыс аясын кеңейту деген мәселелер күні бүгін пайда болмағанын аңғарамыз. Алаш қозғалысының үні болған «Қазақ» газетінің ең алғашқы сандарының бірінде А.Байтұрсынұлы «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да тіл екенін алғаш аңғартты. Өз ана тілінде сөйлеу, тілін білу ұлттық іргелі мәселе екенін Алаш зиялылары бізге мұра етті.

Олар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастыра отырып, әсіресе, кейінгі ұрпақ тәрбиесіне алаңдаушылықпен қарады. «Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуы тиіс» деген Байтұрсынұлы сөзі ұлт тағдырына қатысты аса сақтықтан туған ғибратты ой, ұрпаққа аманат болатын. Енді ғана етегін жинап, барын түгелдей бастаған тұста мәдениетті деген жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап жүріп, сөз сарасын өзге сөзбен қойыртпақтап, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, тіпті мүлдем айырылып қалмау үшін ұлт ұстазы әр қазақ ана тілінің бағбаны, сақшысы болуға тиіс екендігін ескертті. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керектігін бір ғана әйгілі «Әдебиет-танытқышы» арқылы іске асырды.

Алаш қозғалысының белсенді қатысушыларының бірі, көрнекті ақын, педагог-ғалым М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» деп аталатын іргелі еңбегіндегі «Тіл», «Тілдің адам өміріндегі һәм ұлт өміріндегі орны» деген мақалаларында бірқатар өрісті ойларды қозғайды. Ақынның «Қазақ тілі» деген өлеңі де идея тереңдігімен айрықша орынға ие болды. «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлт тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» деуі тіл мәселесіне салғырт қарамау керек деген ойдан туындағанын аңдаймыз. Ал «Мектеп қай тілде болу керек?» деген ойлы сауалмен көптің назарын аудартқан Қошке Кемеңгерұлы өз мақаласында ұлт мектептері, ұлт мәдениеті деген мәселені көтерді. Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса, бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе қазақ тілінде кітап басылудың қажеті болмай қалатындығын ескертті. «Тілші қайдан шығады?» деген сауалға да: «Тілші елді жан-тәнімен сүйген кісі болу керек. Елді сүймесе, өз ісіне қатынасы жоқ қиянаттардан тартыншақ болады. Елді сүйген тілші елдің ел болуын арман қылады» дей келе тілші сөзінің қазақтың өз тілімен жазылуын, ел тілімен жазылуын және емлемен жазылуын шегелеп айтқан.

Әліпби мәселесіне қатысты қазір ескерілмей жатқан көп мәселенің басын да осы ел оқығандарының тұжырымынан бір түйін шығармасқа болмас. Мәселен, Х.Досмұхамедұлының «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деуге болады» деген сөзі – жаңа әліпби түзуде қаперге алынатын басты қағидаттардың бірегейі.

Ал М.Дулатұлы «Қазақ тілінің сарфы» деген мақаласында А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегіне талдау жасай келе, «тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз» деген кемел ойын білдіреді.

Қазақ тілінің, оның ішінде халық тілінің, әдеби тілдің, тіл қолданысының мәселелері М.Әуезовтің ғылыми мұрасынан да ерекше орын алады. «Ана тілі, әдебиетін сүйіңдер!» деп мықты азаматтық ұстанымды басшылыққа алған ол: «Кімде кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» деп бір-ақ ауыз сөзбен түйіндеген. Ұғына білген адамға ойлы сөздер.

ХХ ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол Алаш идеясы деп жауап беруге болады. – Иә, бүгінде қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы іске асты. Ол ұлы істі жалғаушы ұлт зиялыларының үлесіндегі жауапты іс болды деп білеміз.

Тіл – ұлттың жаны. Тексіздік тілсіздіктен басталады. Тіл – елшінің-қаруы, ойдың шындығы. Ұлттың, тұлғаның, таланттың, әр пенденің рухынан қасиетті және мәңгілік ештеңе жоқ. Дүниенің тұтқасы да сол рух. Ал рух еркіндігінің көрінісі рухани мәдениетінен, өнерінен, әдебиетінен, оның тілінен байқалмақ. Ұлттық даму бағытын мұрат еткен ел оқығандарының тіл тағдырын сөз еткен ой-пікірлері бүгінде бір арнаға тоғысты. Әр қазақ ана тілінің мәртебесін көтеруде, ұлт тілінің тағдырына қатысты мәселеде көшбасшылық танытуы тиіс деген қағидамнан мен де айнымаймын.

**Айдана МАХАМБЕТ,**
**облыстық тілдерді оқыту орталығы директорының орынбасары, гуманитарлық ғылымдар магистрі**

**Тарих беттеріне қатталған Ұлы Отан соғысының аяқталып, жеңіс туы желбірегеніне биыл 77 жыл толады. Майдан даласына қазақ жерінен 1 млн 200 мыңнан астам адам аттанса, соның жартысына жуығы елге оралып, ел игілігіне қызмет етті. Солардың бірі – менің атам, Қазалы ауданының тумасы Изеев Қырым Әміржайтегі. Ол майданнан оралған соң, соңғы демі таусылғанша елдің тіршілігіне араласып, ауылдастарының жайлы өмір сүруіне ықпал етті.**

# Ерлігі мен еңбегі үлгі болған

Кеудесінде «Қызыл жұлдыз» ордені жарқыраған атамыз Қырым Изеев 1907 жылы Қазалы ауданы Үрмәш Түктібаев ауылында дүниеге келген. Еңбекке жастайынан араласып, ауылда колхозшы, бригадир кейін колхоз бастығының көмекшісі қызметтерін атқарған.



1940 жылы Отан алдындағы борышын өтеуге әскерге шақырылған атамыз сонда жүріп 1941 жылы майданға аттанады. 1944 жылы ұрыс даласында ауыр жараланып, сол жылы бір қолынан айырылып, I топ мүгедегі болып елге оралған. Бүгінде атамыздың өнегелі өмір жолы мен фотосуреттері Арал ауданындағы музей төрінен орын алды.

Атам көзі тірісінде ұлдарына «Бір қолымды түбірімен Отаным үшін, ұрпақтар үшін майдан даласында тастап кеттім. Оны айтасыз, жанымды пида етуден де қаймыққан емеспін. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деуші еді бұрынғылар, Алланың жазмышы болар, елге аман-есен келдім ғой» дейді екен. Сонымен қатар майдан даласында жаудың топырағын таптап, Жеңіс туын желбіретсем деп армандаған. Алайда соғыстың аяқталуына бір жыл қалғанда Шығыс Европа жеріндегі кезекті бір шайқаста ауыр жараланып, ес-түссіз госпитальға түседі. 1944 жылдың маусым айында ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Бүгінде атамыздың ерлігін біз, ұрпақтары өз ұл-қыздарымызға мақтан етеміз.

Атам елге аман-есен оралған соң, қалған ғұмырында туған жердің гүлденуіне атсалысты. Мүгедектігіне қарамастан еңбекке араласты. Ауылдағы аптал азаматтар оны құшақ жая қарсы алып, соғыс кезінде күйзелген шаруашылықтың көтерілуіне, жүдеп-жадаған ел еңсесін қайта тіктеуге жұмыла тер төкті.

Атамыз 1958 жылы Арал қаласына қоныс аударды. Себебі, тұла бойы тұңғышы Досхан Изеев осы қалаға қызметке келген болатын. Майдангер мұнда да шаруаға араласып, еңбек ете бастады. Айдынды Аралдың ақжарқын халқы жауынгер, еңбек адамы Қырым Изеевті құшақ жая қарсы алды. 1983 жылы 76 жасында дүниеден өткен атамыздың кісілік бітім-болмысы, атқарған қыруар шаруасы аралдықтардың жүрегінде жазылып қалды.

Ел игілігі үшін қызмет қылған атамыз Арал ауданындағы кей мәселелердің шешілуіне мұрындық болды. Солардың біріне тоқталып өтсек.

Арал теңізі тартылып, экологиялық ахуал ауыртпалығы ел еңсесін түсіре бастаған шақта қаланың қақ ортасында 30-дан астам сор көлшік пайда болды. Бұл қала тұрғындары үшін өзекті мәселеге айналды. Себебі тұнған көлшіктер елдің тынысын тарылтты. Елді қажытқан мәселеден арылу үшін оларды көміп тастау қажет еді. Алайда ол уақытта аудан бюджетінің қолы қысқа болды. Оған қоса, көлшіктерді көмуге қаржы жұмсауға аудан басшыларының да жүрегі дауаламайтын. Осы бір тығырыққа тірелген істің тетігін табуға Қырым ата құлшына кіріседі. Карттығына, денсаулығына қарамастан, ақ таяғын сүйретіп, сол кездегі облыстық атқару комитетінің төрағасы Сағидолла Құбашевтің кеңсе табалдырығын аттайды. Қашан да қарапайым, адами болмысы халықпен бірге біте қайнасқан, өзі де Ұлы Отан соғысының жауынгері Сағидолла Құбашев алыстан ат терлетіп келген майдандасын күлімсірей қарсы алып, шаруасын шешеді.

Араға ай салмай облыстық атқару комитетінің төрағасы С.Құбашев Аралға ат басын бұрады. Қасына сол кездегі аудандық атқару комитетінің төрағасы Ә.Медетбаев пен Ұлы Отан соғысының ардагерін ертіп алып, сор құмды кешіп, қала ішіндегі көлшіктерді аралайды. Содан оларды құрғатудың жұмыс көлемі нақтыланып, жұмсалатын қаржы, оны қайдан алуға болатыны пысықталады. Бүгінде сол көлшіктер үстіндегі қала гүлдене түсті. Тұрғындар жарыса үй салып, әлеуметтік маңызы бар нысандар да бой көтеруде. Аралдағы сор көлшіктердің жабылуына бірден-бір сүбелі үлес қосқан соғыс және еңбек ардагері Қырым Изеев атамызға тұрғындардың алғысы шексіз.

Жары Зияда Сәрсембайқызы он саусағынан өнер тамған қолөнер шебері еді. Ол тұскиіз, алаша, тоқыма, қоржын, көрпе мен жастық сынды қолөнер бұйымдарына көзмайын таусысушы еді. Қазір бұл бұйымдар Арал ауданының тарихи-өлкетану музейіне қойылған. «Қызыл Жұлдызды» атамыздың да көзі тірісінде тұтынған дүниелері құнды жәдігерлер қатарынан орын алып, ұрпақтарға ұлағат етіп қалдырылған.

Ата-әжеміз 6 бала тәрбиеледі. Бүгінде ұрпақтары өскен-өнген үлкен әулетке айналдық. Сан салада жүрген ұл-қыздары ата жолын келешек ұрпаққа, өз балаларымызға өнеге етіп келеміз. Майдан даласында да асқан ерлік көрсетіп, ел ішінде де тірліктің қамын күйттеген атамыз Қырым Изеевтің өмір жолы мен батырлығы бізге үлгі.

**Дархан ҚЫРЫМОВ**

# ІЗГІЛІК ІЗДЕРІ

**Уақыт көші жүйткіп алға тартып барады. Ия, ықылым заманнан бері солай. Пенде баласы сол ұлы көшке бір дәуір ілесіп барып, кезі келгенде, бұйырған бекетінде қалатын жолаушы іспеттес пе, қалай? Осынау ұлы көште кімнің арбасы қай жерде тоқтайтыны ешкімге белгісіз құпия, әрине. Бірақ бір тоқтау бары – бұлжымас ақиқат. Қысқа ғұмырдың сан мың сырының пенде шіркін қайсысын ұғып-біліп жатыр. Ізмұрат бауырымызды да тіршіліктен осылай асығыс аттанар деп кеше қатар жүргенде кім ойлаған? Тағдыр деген...**

Ізекең Қарақалпақстанда Тахтакөпір ауданы, «Мүлік» ауылында 1953 жылы дүниеге келген. Мектепті сол өз ауылында бастап, көрші Қоңыраткөл деген жерде онжылдықты тәмамдаған. Журналистік сапарын, ҚазМУ-дің журналистика мамандығын оқып бітірген соң, сол жақта, аудандық «Тахтакөпір таңы» газетінде бастап, біраз уақыт бойы осы газет редакторының орынбасары қызметін атқарған. Ол кезде бұл – аса жауапты және беделді қызмет. Осы саладағы еңбектері үшін «Қарақалпақстанға еңбегі сіңген журналист» деген құрметті атаққа ие болған. Сыр топырағына келіп, қызметке араласа бастаған кезі өзінің ҚазМУ-де қатар оқып, сырлас, дос болған Шәкизада ақынның басқаруындағы Қызылорда қалалық «Қоғам ТВ» мекемесімен байланысты болды. Жалынды жастық шақтың сан түрлі сапарын бірге кешкен екі дос қанаттасып қатар қызмет етті.

Біз Ізекеңмен осы телеарнада «Сырдың жыршыл жастары» атты жас талап ақындарға арналған әдеби хабарды бірге жүргіздік. Бұл – редакция тарапынан оған жүктелген жұмыс, мен қоғамдық негізде қатысамын. Мақсатымыз – жас талап әдебиетші жастардың ақындық талабын қолдау, олардың шығармашылығын ел алдында насихаттап, бағыт-бағдар беру. Жастар дегеніміз – студенттер мен мектеп оқушылары, т.б. «өлеңге менің-дағы бар таласым» деп жүрген балапан таланттар. Жылтыраған дүниесі болса, жарыққа алып шыққымыз келеді. Баяғы кеңес үкіметі кезінде аймақтағы талантты жастар мен шығармашылық адамдары облыс пен аудан орталығында ғана шығатын бір-бір газетке қарап қалған кез емес, жан-жақтан жамырай, жарыса шығып жатқан баспа өнімдері жеткілікті қазіргі заманда аймақтың ақпараттық өмірінінде «Қоғам» телеарнасының да өзіндік орны бар. Телеарна басшысы, арқалы ақын Шәкизада Әбдікәрімов те өлеңсүйер жастардың арқасынан қағып, боламын деген баланың белін бууға құштар-ақ. Ол осы бағыттағы шаруаны Ізекеңе тапсырған, ал ол болса студент жастардың ортасына жүретін мені келіп қайрайды. Өйткені біздің университет қабырғасында ұйымдастырып, 20 жылға жуық жұмыс жасап келе жатқан поэзиялық бірлестігіміз бар. Сондықтан ол кезде талай жас талап ақындар мен жырсүйер жастар осы ортаға келіп өлеңдерін оқып, кештерге қатысып, мәре-сәре болып жататын.

Әрине, жастың аты – жас, жұмыс барысында неше түрлі жағдайлар болып жатады. Дайын асқа тік қасық деп, кейде әзірлеп отырған хабарды да шығара қоюдың өзіндік машақаттары табылып жататын. Сондайда Ізекең, «Ой, Шәкеау, солай ғой біздің жұмыс. Жұртты ұйымдастырудан қиын нәрсе жоқ. Кейде бір адреске он рет хабарласатын кездер болады... Баяғы біздің жастық кезіміз басқаша еді ғой. Шіркін, Алматы! ҚазГУ. Жанып жүрген жалын жастар. Анау Сұлтанғали Садырбаев ағайымыз ұйымдастыратын атақты поэзия кештері» деп өз мамандығының ұңғыл-шұңғылына біраз бойлап қайтатын. Мұнысы – бір жағынан, маған жігер беріп қайрағандағысы. Ал хабарымызға тым жақсы талантты балалар келе қалса, соған бірге қуанып, өз пікірін білдіріп, осы баладан көз жазбайық дегендей, қамқор соғып жүретін.

Журналистік жұмыстың өзіндік қиындықтары да бар. Соның бірі – үнемі сапарда, жол үстінде болатыны. Ізекең де облыстың талай түкпірін шарлады. Шарлағанда, жай ғана сапар емес, берілетін хабардың сапасын қатты ойлайтын. Мәселені басына барып түсіру керек, жергілікті жердің өзінен картинкалар алғандай болмайды, төрт қабырғаға қамап қойып түсіргеннен дұрыс, жанды хабар шықпайды деуші еді. Ізекең әсіресе, белгілі жазушы, журналист Айжарық Сәдібеков ағамызбен жақын тұрды. Осы Айжекеңнің шығармашылығы бойынша хабарлар түсіруге ерекше ынталы-тын. Сондағысы, менің байқауымша, Айжекеңнің өмірі мен шығармашылығын барынша құрметтеп, көрнекі хатқа түсіріп алып қалу сияқты көрінетін.



– Ағамыз қызық... дейтін, таңырқап. 75 жылдығы кетті тойланбай. Енді сексен келе жатыр. Өзі бір дендеп ұмтылмаса, осы заманда кімге кім қарап жатыр, алтын басты асылзада болсаң да... Айжекеңді көбірек сөйлетіп, таспаға түсіріп алғанымыз жөн. Мұның бәрі ертеңгі тарихқа керек, алдағы өмірге, жастарға керек, – деп көбірек алаңдайтын. Әскербек Рақымбеков ағаны түсіргенде де, Махмұтбай Әміреев, Бегімбай Ұзақбаев, Толыбай Абылаевтарды да т.т. объективке алып, ұқыптылық жасағанының қадірін бүгінде енді сезгендей болып жүргендейміз. Марқұм белгілі ақын Темірше Сарыбаев туралы түсірген таспалары да, бүгін қарасақ, шын мәніндегі үлкен олжамыз екен ғой.

Ізекеңмен менің курстас ағадосым, Жалағаш ауданының белгілі азаматы, жазушы-журналист, этнограф Ахмет Тілеулиев досымыздың ауылына бірнеше рет бардық. Ахмет ағамыз Жалағаштың тарихын хатқа түсірген, елдің өткен өмірінің, асыл азаматтарының, қарапайым халқы мен тарихи тұлғаларының әрі тарихи әрі көркем бейнесін тарихи деректеп кеткен, аудандық тарихи-өлкетану музейін өз қолымен құрып, тұңғыш директоры қызметін атқарған әрі қарапайым азамат, әрі тұнып жатқан қазына-тарих болатын. Ізекең осы кісінің өмірін таспада қалдыруға да қызыға кірісті. Ол жаққа әлденеше барып жүріп, барған сайын бір жаңалық ашып келетін.

Ол барынша сыпайы, қарпайым, көңіл айнасы таза, өз ісіне берілген азамат ретінде танылды. Өзі де бауыр тартып, ағалы-інілі болып араластық. Әрине, бұған Қоғамдық телеарнада қатар жүріп, бір бағдарламаның пұшпағын бірге ұстағанымыздың да септігі тиді. Ол ерінбейтін. Объектісін үнемі іздеп, ойланып, соны қалай да мүлтіксіз игеруге бар ынтасын салатын. Мысалы, облысқа белгілі ақын-жазушылар мен өнер адамдары, суретшілер туралы, қарапайым қолөнершілер мен халық қазынасының жинаушылары мен жасаушы шеберлері туралы хабарлар сериясын түсіріп қалдыруды, еңбегін насихаттауды аса қажет іс деп біліп, оны жауапкершілікпен атқаруға барынша күш салатын.

Өзінің жерлес інілері, талаптас достары, ақын Мақсат Әлпейісов пен белгілі журналист халықаралық «Түркістан» газетінің қызметкері Ахмет Өмірзақов туралы қамқорлықпен айтып, алыста болса да, солардың жағдайларын ойлап жүретін. «Үй ала алмай жүр, жұмыс жасағанына біраз болды, уақыт болса өтіп барады» деп бір інісін еске алса, «шығармашылығы жақсы-ақ, соны насихаттау жағы кемшін» деп маған өлеңдер жинағын қарап шығуға берген. Шынында да, тамаша өлеңдер екен, Мақсат Әлпейісовтің әдемі поэтикалық туындылары туралы республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде ақ-адал пікірімізді айтқанымызға Ізекеңнің барынша риза болғаны есімде. Бұл кезде өзі де ауырыңқырап жүрген ол Мақсат інісіне аз да болса шарапаты тигендей, бір жеңілдеп қалғандай көрінген-ді.

Ізекеңнің артында отбасы, бала-шағасы, өмірлік жары, отан-орманы бар. Біз дос көңілден оларға тілектестік білдіреміз. Елгезек азамат өзінің қызметіне қылаудай кір келтірген жоқ. Ол ҚазМУ сияқты биік білім ордасынан оқып өскенін де, журналистік мамандығын да мақтаныш тұтушы еді. Қарапайым азаматтың адал еңбегін ел-халық көрді, риза болды. Адам баласы үшін тіршіліктегі үлкен абырой осы емес пе?!

Иә, тіршілік арбасының тегершігі қай тұстан тоқтам табары пендесіне беймәлім. Бірін бірі құрметтеп, бағалап, ағалы-інілідей сырласып жүретін үш азамат Айжарық аға, Әскербек ағалармен Ізмұрат замандасымыздың да ақтық сапары қатар келді ғой. Өмірде осы екі ағасын да қатты құрметтеп, қолдан келгенше қызметіне жүріп, жанына өте жақын тартушы еді.

Әзілдесіп, әздесіп дегендей, Ізекеңмен біраз уақыт қатар жүрдік. Еңгезердей азаматты жасының сәл кішілігіне қарап «бала» дейтінмін, «інім» дейтінмін әзіл-шынын араластырып. Ол болса, ақжарқын көңілімен ағалап тұратын да, екеуміз бір-бірімізді іштей ұғысатын едік. Міне, жыл айналып, Ізекеңнің туған күні де келіп қалыпты. Сен жасап кеткен журналистік мұраларың ел игілігіне жарайтын дүниелер болып қала береді. Алла алдыңнан жарылқасын, Сыр бойының ақкөңіл азаматы.

**Шанжархан БЕКМАҒАМБЕТОВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты**

ӨМІР-ӨЗЕН

# Ағалардың шекпенінен шыққанбыз

**Сыр журналистикасында ұзақ жыл еңбек еткен Қайырбек Мырзахметұлы «Сыр перзенті», «Сырда туып, Сырда өстім», «Аманат», «Менің бабаларым», «Ағалар салған жол» атты эссе-повестердің авторы. Жуырда «Көзкөргендер» атты естелігі баспадан шықты. Қарымды қаламгер, Қазақстанның құрметті журналисі, облыстың құрметті ардагерінің көзкөргендер жайында жазған естелігін оқырмандарға ұсынып отырмыз.**

Уақыт шіркін қандай жүйрік еді... Қазір сексеннен асып, тоқсанға қарай қадам бастық. Сәл ой жүгіртсем, есікті ашып жапқан секілді. Елу жылдан астам облыстық басылымда жұмыс істеп, тоғыз редактормен қызметтес болып, бейнеттің рақатын көріп отырған жай бар. Үй немерелермен думанданып тұр. Тілдері тым тәтті, той-думаннан оралсам, «ата, қалтаңда конфет бар ма?» дейді. Содан бірер түйір конфетті қалтаға салу дәстүрі бар.

Біздің қатарымыз сиреп қалды. Әзіл-қалжыңымыз жарасатын Шәкизат, Қази, Өтеген, Әскербек, Айжарық пәни дүниеге аттанып кетті. Сырласатын едік, сыйласатын едік, әзіл қалжыңымыз жарасатын еді. Тағдырға, тойымсыз ажалға кім ара тұрған?! Ажал шіркіннің құрығы ұзын ғой.

Әуелде, қазіргі «Сыр бойы» редакциясы ескі базар тұсындағы Дзержинский көшесінде тұратын. Содан Карл Маркс, Абай даңғылы, енді қазір Бейбарыс Сұлтан көшесіндегі зәулім ғимаратқа қоныс аударды. Барлық ғимараттарда аға-інілермен қызметтес болдық. Дүниеден өткен ағалар елеусіз емес. Байырғы журналистер Базарбай Сарбасов, Хамза Сыздықов, Зейнулла Жарқынбаев, Тойбазар Елемесов, Орман Нұрхабаев, Құрманғали Ажаров, Жақсылық Бекхожаев, Жақсылық Түменбаевтың атындағы көшелер алыстан жарқырай көрінеді. Өшпеу деген осы болар.

Бір кезде «Сыр бойы» редакциясында өңшең әскерден оралған ағалар жұмыс істейтін. Ішіндегі ең жасы мен, содан соң Дархан, Әбдіхан, Итен болатын. Ағалардың алдынан кесе өтпей, ақыл-кеңесін тыңдадық. Әзілі, аңқаулығы мүлдем қызық, жарасымды болатын. Көкіректе бәрі сайрап тұр. Еске алсақ, бәрі ойға оралатынын қайтерсің.

Байырғы журналист Әбділда Құрманаевтың аңқаулығы өзінше жыр. Көзіндегі көзілдірігін іздеп, шыр-пыры шығатын. Неге? Өйткені, көзілдірік көзінде, соны ұмытып, іздейтін. Біз таң-тамаша қалатынбыз. Ой, кәрілік-ай, басқа түскенде біледі екенсің.

Біздің кеңсеге жақын жерде қалалық парк болатын. Кейде ағалар бас қосып, шөлбасар сыраханаға баратын-ды. Ортада Әбділда аға, Орман, қатарласа Әбсадық, Досмағанбет, Бөлебай ағалар әңгімедүкен құратын. Әбділда аға иық тұсындағы талдың бұтағына қамыс қалпағын іліп қойып, одан-бұдан әңгіме қозғайды. Гурьевтің облыстық газетіндегі редакторлық жұмыстан қалай босағанынан, партиялық билеті бір сұлу бикештің үйінде қалай қалып қойғанынан әңгіме шертіп, бәрімізді күлкіге батырады.

– Әй, Әбділдә, бәрін айтып болдың ба? – деді үзеңгілес досы Әлменов.

– Иә, бұл үзіндісі ғана. Қазір тағы бір әңгімені бастаймын, – деп желпінді Әбділда аға. Сол кезде иық тұсында қамыс қалпағы желмен қозғалды. Әбекең жалт қарады.

– Құрыдың Әбділда, қамыс қалпақ артында бағанадан бері бір кісі сенің сөзіңді тыңдап, кетіп қалды. Сірә, үш әріптің адамы-ау, – деп Бөлебай әңгімемен қағытты. Әбділда аға орнынан атып тұрып, үйіне зытты. Бөлмесінің терезе тұсындағы бір бөтелке суды қағып салды. Ол су емес, сірке суы еді. Есін жия алмай, емханада ұзақ жатқанын Бөлебай ағаға ренжімей, өзінің аңғалдығын айтатын Әбекең.

Әбділда Құрманаев көп жыл хабар бөлімін басқарды. Бірде телефон шылдыр етеді. Обкомнан «бізге Құрманаев керек еді» десе керек. Сөйтсе Әбекең өзінің Құрманаев екенін ұмытып, бөлмелерді зыр жүгіріп Құрманаевты іздеумен болғанына жабыла күлгеннің куәгеріміз.



Бір адамға көңілі толмай, жұрттың жазғаны ұнамайтын партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі Досмағанбет Тасекеев еді. Орыс тіліне сауатты болатын. Редакторға сәл ренжісе қаймықпай сөйлейтін. Бір ренішін былайша білдірген еді. Жауапты хатшы Сыздық Алдабергенов екеуі құрдас. Редактор ағамыздың іссапарда жүргенін пайдаланып, Досекең Әзиз Несиннің «Ақылды есек» деген шағын әңгімесін бірінші бетке салдырып жіберді. Әдетте, мұндай әңгімені бірінші бетке беру сирек еді. Досекең редакторға деген ренішін осы әңгімені бергізу арқылы қарымта қайтармақ болды. Іссапардан оралған редактор «Ақылды есек» әңгімесін неге бірінші бетке бердіңдер?» деп жауапты хатшыны қыспаққа алды. Жұрт «сатиралық әңгіме, Әзиз Несин классик» деп қорғаштап отырып алды. Іс сонымен әрең басылған еді.

Газет Хрущевтің тұсында хатшының ұзын-сонар баяндамасынан босамайтын күн кешті. Таң ата әрең басылып шығады. Кезекші біткендер ертеңіне есін жия алмай тынығады. Бірде мынадай қызық болды. Қомшабай Сүйеніш екеуміз кезекші едік. Түн ортасы ауды, Хрущевтің баяндамасы телетайптан келмей кешігіп жатты. Содан түн ортасы ауа Қомшабайдың үйіне барып, тынығып, жастыққа бас қойдық. Ұйқыға қатып қалыппыз. Сағатқа қарасақ таңертеңгі тоғыз. «Ойбай, құрыдық» деп Қомшабай екеуміз баспаханаға келсек, газет басылып кетіпті. Түн ішінде редактор Ұзақ Бағаев өзі келіп, қол қойған. Ертеңіне редакторға кірдік. Жағдайды айтып түсіндірдік.

«Ұят жасадыңдар ғой, шырақтарым. Шаршаған шығарсыңдар. Бәрін түсінемін. Келешекте мұндай жағдайға бармаңдар». Сабырлы, мінезге бай редактор Ұзақ Бағаев осылайша бізге зілді қабақ танытпай, бәрін ақылға жеңдіргеніне әлі күнге қайранмын. Әлбетте, ашу әлсіздердің әрекетінен шығады ғой.

Бірде, журналистер күніне орай қабырға газетін шығардық. Журналист Қомшабай Мырқыға арнап эпиграмма жазды. Мәкең «мені мақтады» деп мәз болып, қуанып, үйіне шақырып, бір ешкісін сойды. Мәкенді жұрт тағы мақтады. Ұзақ Бағаев «Сенің қырқың – менің Мырқым» деп көтермеледі. Ақын Асқар «Мырқы десең Мырқысың, жанып тұрған шырпысың» деп одан сайын көтермеледі. Мәкең мәз.

Қомшабай бір әзіл өлеңін айтты. Сол өлең былай басталған еді:

– Шымырлығы жаңғақтай,
Салмағы бар қаңбақтай,
Мәкеңе салсаң ғұмыры
Қалар еді таң да атпай.
Беймезгіл шашы ағарған,
Әзірейілден жан алған.
Кетпейді-ау
қолы жағаңнан,
Қан тамады қаламнан, – деп Мәкеңнің бар болмысын осы шумаққа сыйғызды.

Әзіл-оспақтың көмбесі журналист ағамыз Орман Нұрхабаев болды. Газет кешігетін болса дереу «тұмаураттым» деп жатып алатын. Бірде Орекең кезекшілігінде жұмысқа келмей қойды. Редактор Дархан Сапаровты үйіне шақыруға жіберді. Орекең үйінде кең бөлмеде шай ішіп отыр.

– Жүріңіз, Ореке, бүгін кезекші боласыз. Хрущевтің баяндамасына орай газеттің кезектен тыс саны шықпақшы.

– Жақсы. Мә, бес сом. Бір бөтелке әкел.

Дархан іргедегі дүкеннен бір бөтелке әкеліп, ортаға қойды. Орекең екеуі жартылықты қақ бөліп ішеді.

– Бағаевқа сәлем айт, Нұрхабаев мас де.

– Ореке-ау, бұл сөзді қалай айтам?

– Айт. Мас екен де. Бүгін туған күні де. Мас адамға газет оқуға болмайды де.

Дархан болған жайды редакторға бүкпесіз айтты.

– Жарайды, орнына басқа жігіттер кезекші болсын, – деп редактор әңгімені үн-түнсіз қайырғаны бар.

Байырғы журналист, әскери жауынгер, майор Әбсадық Жанұзақов зейнетке шығатын болды. Бар мәзірін жасап, шапан кигізіп, қолына конверт ұсындық. Сәлден соң, Әбекең мінбеге шықты.

– Мені жақсылап зейнетке шығардыңдар. Бәріне рахмет, ризамын. Мен жазатайым өліп кетсем, мұндай құрмет көрсетілмейді. Дүниеден өткен күнгі беретін конверттеріңді бүгін қоса берсеңіздер, – деп қарап тұр. Жұрт ду күлді.

Жаңбыр құйып тұр. Түскі үзіліске шығып жатырмыз. Редакторымыз З.Жарқынбаев «Волгасымен» кеңсе алдынан шықты. Ақын Әбдікәрім Оңалбаев хат бөлімін басқаратын. Зекең екеуінің ауылдары бір-біріне жақын. Бірі – «Жаңаталаптан», Зекең – «Мәдениеттен». Жастық шағы бірге өткен, үзеңгілес. Жаңбыр астында тұрған Оңалбаевқа Зекең бас изеді де көлігімен үзіліске кетті. «Жаңбыр құйып тұр ғой, үйіңе жақындатып тастайын демеді» деп ақын ренжіп, бөлмесіне қайта кірді, «Машина зары» деген өлеңін жазды. Редактордың үстелінің үстіне қойып, үзіліске шықпай отырды. Сол өлең былай басталған еді:

– Жараттың неге тағдыр
ақын қылып?
Не пайда берді, кәне,
ақылдылық?
Жүргенім міне,
менің батпақ кешіп,
Кім менің қадірімді
жатыр біліп?
Мансап бер, машина бер,
о, жасаған,
Ақылдан айырсаң да
тақыр қылып.
Болмаса адамзатты
теңе қайта,
Бір дөкей министрге
қатын қылып.
Сонда мен жалт-жұлт
еткен машинаны,
Мінер ем жекеменшік
атым қылып.
Өзім де жұрт
назарын аударар ем,
Бойымда болмаса да
татым қылық.

Түскі үзілістен кейін Зекең бөлмесіне келді. Үстел үстіндегі өлеңді оқып, біраз үнсіз отырды. Ақынды шақырып, бір ағаттық кеткенін айтты, кешіріммен қарауын өтінгені бар. Міне, мәрттік! «Ақынды құрметтеу деген осы болар» деп бәріміз ой түйдік.

Бір кеңседе ұзақ жыл аудармашы Қ.Бөршеев, меншікті тілші Сұлтан Қожаниязов ағалармен қызметтес болдық. С.Қожаниязов кейін тілшіліктен Тереңөзектің «Еңбек туы» газетіне қызметке ауысты. Бұл жерде құрдасы Б.Уызбаевпен үстелдес отырды. Әзіл-оспақтың шебері, фельетонист болатын. Сұлтан редакцияның Сырдария, Тереңөзек аудандарында меншікті тілші болып қызмет атқарған жылдары Орман Нұрхабаевқа ылғи телефон соғады.

– Жазғаным газетке шықпай жүр? – дейді.

– Ә, Сұлтан өтінішіңіз өте орынды. Ертеңгі номерге жауапты хатшы Сыдық Алдабергенов сенің төрт мақаланды бірге салғалы жатыр. Таңертеңгі газетті почтадан күт, – дейді.

Таңертең «Ленин жолын» ашып қараса бүкіл бет Хрущевтің баяндамасы. Сұлтекең Нұрхабаевқа:

– Ау, Ореке, кеше төрт мақалаң ертеңгі газетке шығады деп едіңіз. Бір бет Хрущевтің баяндамасы ғой.

– Ә, онда бұл өтінішіңді Хрущевқа айт, – деп Орекең жауап беріпті.

Бір оқиға есімнен кетпейді. «Шөптің басы қимылдайды» деген сықақ әңгіме жаздым. Әңгімеде Шиелі жақтағы бір сауда қызметкері жаңадан бір үй сатып алған, жетпеген ақша орнына ұн, костюм берген. Бар оқиға осы. Осыған бола Шиеліден аудандық кеңес орынбасары, сауда қызметкері келіп, «Мен үй сатып алдым, ұн, костюм бергенім жоқ!» деп арызданды. Редактор Н.Уәлиев:

– Осы сықақ әңгімеге жауап жазуымыз керек, Қайырбек, – деді.

– Ау, бұл сықақ әңгіме ғой, – десем, Нұрекең болмайды. Сонымен, «Арал жағындағы бір сауда қызметкері үй сатып алған» деп сықақ әңгімені қайта бергізді. Мұндай да қызық болған.

Әр жылдардағы редакторлар Базарбай Сарбасов, Зейнулла Жарқынбаев, Хамза Сыздықов, Сүлеймен Сейітов, Ұзақ Бағаев, Тойбазар Елемесов, Қалқабай Әбенов, яғни, жеті редактор есімі Қызылорда көшелеріне берілген. Бірге қызметтес болған Құрманғазы Бәкіров, Назым Есімова, Дархан Сапаров ұмытылып барады. Осыларды еске алып, қызмет көрсететін уақыт туды.

Қызметтес болған жылдардағы әр редактордың жұмыс стилі, адамгершілік биіктігі әр қырынан көрінді. Зейнулла Жарқынбаев газет қызметкерін қорғауды мақсат етіп қойды. Ұзақ Бағаев шеберлік мектебін қалыптастырды. Жақсылық Рахматулла жас кадрларға қамқоршы болды. Серік Пірназар журналистер еңбегін бағалауды жалғастырды, Нұрділдә Уәлиев партиялық принципті қатаң сақтады.

Иә, біз аға буынның шекпенінен шықтық. Ағаларды мақтаныш тұтамыз. Өсер елдің өнер ұрпағы тұрғанда олардың есімі мәңгілік сақталары ақиқат.

Осы дүниенің соңғы нүктесін қояр тұста бірер аға есімі естен шығып кеткенін байқамай қалыппын. Журналист, майдангер Әбсадық Жанұзақов, Мәлік Қарақұлов, Шәкір Қайырбеков, қос тілге бірдей Жәкебай Жаңабергенов, содан соң облыстық газетте редактордың орынбасары болған, аудандық газетте редактор, облыстық радиода, газеттегі құпиялықты сақтау басқармасында еңбек еткен Жарылқасын Шөкенов, екі ауданда редактор, облыстық газетте ұзақ жыл жауапты хатшы болған Сыдық Алдабергенов атаусыз қалып тұр. Біздер, шекпенінен шыққан інілері, ағалар есімін жаңғыртуды қалаймыз. Дүниеден өткен ағалар ұмытылуға тиіс емес.

**Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,**
**Қазақстанның құрметті журналисі**

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ
МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін
ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ
ЭВЕРЕСТ Финанс
керемет % МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР
3 000 000 ТГ ДЕЙІН
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе
8(7242) 92 52 25, 8 708 363 59 45
Толық ақпаратты сайттан көруге болады everestfinans.kz
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

СІЗ ҚАЙДА ЖҮРСІЗ?

# Шаршы аланда шыңдалған



**Бірнеше жыл бұрын Қазалыда бокстан КСРО спорт шеберлігіне кандидат, қамшының сабындай қысқа ғұмырында тамаша боксшы, білікті бапкер атанған марқұм Тарғын Нұралиевті еске алуға арналған бокстан жасөспірімдер арасында облыстық турнир ұйымдастырған болатынбыз. Турнирге Тарғынның шәкірттері, бауырлары, достары, сыныптастары мен ауылдастары, кезінде сыйласқан азаматтар, ел-жұрты демеушілік жасады. Былғары қолғап шеберлері бақ сынаған байрақты бәсеке аты облыстық турнир демесеңіз, республикалық деңгейді қамтыды. Жарыстың өтуіне сол тұстағы Қазалы ауданы әкімі Мұрат Ергешбаев пен орынбасары Әлімжан Жарылқағановтың жанашырлық танытқанын атап өткен жөн.**

Sb *Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»*

Кез келген шаруаның басы-қасында беделді адамдар жүретіні белгілі. Аталған турнирдің көпшілік көңілінен шығуына Тарғынның досы әрі шәкірті болған, бокстан спорт шеберлігіне кандидат Бақытбек Қазыбаев та үлкен үлесін қосты. Мұны естігенде көзкөргендер аман болсын деп тебіренгенбіз.

Арада жылдар жылжыды. Жақында Бақытбекті көшеде жолықтырдым. Мені көріп қашанғы дағдысымен «ағалап» қос қолын ұсынып, сәлемдесіп жатыр. Көпшілік арасында «боксер Баха» атауымен танымал, анау-мынау менмін деген жігіттер бетіне тіке карауға тайсалатын Бақытбектің кішілік танытқанына риза болдым. Көптен жүздеспеген екеуміз мәресәреміз.

Бақытбектің тұрақты жұмысы жоқтығын, жеке тіршілігімен жүргенін естігенде көңілім құлазыды. Өзіңіз ойлап көріңізші? Үш бірдей жоғары оқу орнын бітірген, бокстан спорт шеберлігіне кандидат нормасын орындап, көптеген жарыстардың жеңімпазы, Мәскеу қаласында бокстан ересектер арасында өткен Халықаралық турнирдің чемпионы, шаршы аланның қас шебері, бокстың нағыз маманы жұмыс таба алмаса қынжылмай қайтесің? Қазалылық басшыларға құлаққағыс, осы мақаланы оқыған соң мүмкін, құзіреттілер ойланар, Бақытбек Қазыбаевқа жұмыс табылар деген үміт те бар.

Сонымен... Бақытбектің аузынан шыққан төмендегі әңгімені оқырман назарына ұсынып отырмын.

– Мен спорттың бокс аталатын күрделі түріне бала жасымнан құштар болдым. Белгілі бапкер Марат Мамаев ағайдан бокс әліппесіне машықтандық. Біршама шыңдалған соң, білген-түйгендерімізді тереңдете түстік. Осындай күндердің бірінде Қарағанды физкультура институтының түлегі, білікті бапкер Тарғын Нұралиевпен аудан орталығындағы бұрынғы спорт мектебінде кездейсоқ жолығып қалдым. Алғашқыда шымыр да сом тұлғасына, қақпақтай жауырыны, мойнымен тұтасқан кескін-келбетіне, білегі қысқалау келгенімен, шойындай жұдырығына қарап «дәу де болсаң палуан шығарсың» деп топшылаған едім. Бейтаныс жанның бокс үйірмесінің бапкері, сол тұста есімі дүрілдеп тұрған «Тарғын танк» екенін білгенде қатты таңдандым. Десе де, жорамалым шындықтан жырақ емес екен. Тәкең бокспен қоса, күрес тәсілдеріне де өте жетік болып шықты. Әсіресе, жамбасқа салып лақтыруға аса шебер екен. «Палуанға оңы менен солы бірдей» демекші, күрестің осы тәсілін екі қапталға бірдей керемет жасайтынына кейін куә болдық. Облыс орталығында жұмыс істеп жүргенде бір мықтысынған, бойы сырықтай жігітті сол жамбасқа салғанда, әлгі сабаз шай қайнатым уақыт талып жатты.

Дайындық барысында өзге тұрмақ, өзін де аямайтын бапкеріміз бізді қайралған қылыштай шыңдады. Кейде ішімізден «өзі неткен, шаршап-шалдықпайтын жан» деп тамсанып қоямыз. Жаттығу, жүгіру, қол күшін дамыту, спаринг – қойшы, әйтеуір бір тыным таптырмайды. Соққылар тізбегі, жалтарудың түр-түрі, қарсыласқа қарсы жоспар құру, баршасы «Тарғын танктың» назарынан қалыс қалмайды. Біз де шаршағанымызды ұмытып, жаттығуға құлшына кірісеміз. Осындай қызықты күндердің бірінде әскер қатарына шақырылдым. Борышымды өтеп елге келсем, Тарғын бапкерім облыс орталығына қызмет ауыстырыпты. Көп ұзамай мен де Байқоңыр қаласына барып, танымал бапкер Серік Сәндібеков ағайдан тәлім алуды жалғастырдым. Серік ағайдың баптауымен Байқоңыр қаласының атынан шаршы алаңға шығып, талай жарыстарда топ жардым. Мәскеудегі Халықаралық турнирде чемпиондық тұғырға көтерілдім. Бокстан спорт шеберлігіне кандидат нормасын орындадым, – дейді Бақытбек Қазыбаев.

Жұлдызың жоғары болсын, чемпион!

Қазалы ауданы.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылым-дарына хабарлан-дыру орналас-тырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
**E-mail: smjarnama@mail.ru**

2022 – БҰДАБАЙ АҚЫННЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ

# Әдейі ұрған қоңыраудай



Қазақ өлеңінің XIX ғасырдағы көрнекті өкілі Бұдабай Қабылұлы есімі біздің заманымызға терең тартқан сыр, тебіреністі жыр болып жетті.

Біздің заманымыздағы белгілі ақындардың Бұдабайды өзіне ұстаз тұтуы соның бір дәлелі. Ақын өлеңі – өрнегі жағынан да, ішкі қуаты тұрғысынан да өзгеге ұқсамайтын дара шығармалар. Сондай-ақ, өз заманының мұңын айтып, мұратын биік қойған азаматтық тұлғасымен де тұғырлы.

Мәселен, оның тарихтан мәлім, Қоңырат биі Қалкөздің орнынан түсіп, Әйеке мен Әлмәмбеттің өзара дау-шары қабынатын кездерінде жазған өлеңдерінде әділдік жоқ, заман азды, заң тозды деген сөздер айтылады. Аруақты билердің уақыт жаңалығынан таяқ жегеніне қорланады.

– Мал жақсы болыстан да, биліктен де,
Әр істі ақша бұзар киліккенде.
Азғанын заманыңның білмейсің бе,
Жабы озды жалы сұйық жүйріктен де, – деген ақын өлеңі – қай жағынан да санаға сіңімді, туған жерге деген перзенттік парызды паш еткен дүние.

Ақын өлеңдері жанрлық мазмұны жағынан қасида, мәрсия (эллегия), сатира түрінде жазылған. Оның себебі, заманындағы бай-бағыландарға көңілі толмау, олардың елдің ардақтаған адамдарының билігін ақшаға сатуы, адамдық шекарадан аттап, пендешілікке алдану – осының бәрі ақын жүрегін сыздатады. Бұдабай шығармаларының халықтың аузында сақталып қалуы да оның халықшылдық сипаты.

Алайда, ақын өлеңдері әдеби айналымға кеш түскен. Ол жаңа айтқанымыздай тек ел аузында жүрген дүниелер. Ақынның алғашқы зерттеушілері – Ә.Қоңыратбаев, О.Шипин, М.Байділдаев, Р.Мәзқожаев, А.Қайнарбаев секілді ғалымдар мен халық қазынасының жанашырлары. Олар сонау 30-40 жылдардан бері ақын мұрасын әр жерден қолға түсіріп, қорға салып отырған. Солардың осы еңбегі арқасында Бұдабай өлеңдері 1989 жылы «Бес ғасыр жырлайды» жинағына енген.

Бұдабай ақын – Майлықожа, Мәделіқожа, Молда Мұса, Балқы Базар секілді өз дәуірінің белгілі тұлғалары, Сыр сүлейлері атанған ақындармен замандас болған. Бір деректерде Балқы Базар Бұдабайдың батасын алыпты деген де сөз бар. Қалай болғанда халықтың Базар жырауға «балқы» сөзін қосақтауы бұл ақынның алабөтен ақындық қуатын танытады. Ал, мұндай дара дүрлердің өзара шығармашылық байланыста болуы да заңды.

Бұдабай 1842 жылы қазіргі Шиелі ауданының Жөлек жерінде дүниеге келген.

Әуелде ол айтыс ақыны есебінде танылған. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскендей момын бала екен. Он бес жасында атты түсіп, жаяу жатып қарағандай сұлу Жадыра деген ақын қызға қызығып айтысқа шығып кетеді. Содан Құдай берген қабілеті ашылады. Өзін ақындыққа алып келген Жадыраға риза болғандықтан сол айтысын ақын алпыс жастан асқанша жатқа айтып жүріпті.

Ал, оның Қоңырат елінің атақты айтыс ақыны Қарлығаш қызбен айтысы бір жетіге созылған. Бұдабай сол ақын қыздың құрметіне өз қызына Қарлығаш деп ат қойған.

Кейіннен ол Қыпшақтан шыққан аға сұлтан Тұрманның қасында жүріп, толғау, қасидалар жаза бастайды. Сөйтіп, жазба әдебиетінде де алдына жан салмаған жүйрікке айналады.

– Қыпшақтан шыққан Бұдабай,
Әдейі ұрған қоңыраудай
Оятқан көпті гүрілі, – деп Тұрмағанбет шайырдың жырға қосуы – Бұдабайдың жазба ақындығына берілген бірегей баға. Әттең, бүгінге жеткен ақын шығармалары – «Әйекенің жоқтауы», «Әлмәмбетке», «Әжібай мен Торғайға», «Аппазға», «Әшірдің баласы Сыздықты жоқтау», «Өзім жайлы», «Көңіл туралы», «Өмір туралы» секілді санаулы ғана өлеңдері. Ауыл молдасы Палымбет деген кісі: «Өлең – шайтанның ісі, тәубе қылатын кезің жеткен жоқ па?» деп кезінде өлеңдерін өртетіп жіберген екен. Ақын негізінен өлеңдерінде бай-манаптар мен Қоқан әкімдерінің озбыр қылықтары өткір сынға алынып, қалың бұқара мүддесін көркем жырға қосқан.

Бұдабай ескіше сауатты, парсы әдебиетін жақсы білген. Оның осы қырларын бағалаған Кете Жүсіп «Ұстаз» деген өлеңінде:

– Аттары мәлім дүрлер бар,
Алшаңдаған әр топта –
Бедеудей қойған тағалап.
Шәді менен Ерімбет,
Әзілкеш, Абай, Бұдабай, –
Олардың айтқан сөздері,
Әр жұртты кеткен аралап..., – деп дәріптейді.

Бұдабайдың бәйбішесі Балторыдан бір ұл, үш қыз туған. Кіші қызы, атын өзі айтысқан ақынның құрметімен атаған Қарлығаш қырқыншы жылдары Алматыда тұрыпты. Одан атақты «Мың бір түнді» аударған жазушы Қалмақан Әбдіқадыров өмірге келеді.

Жалпы, Бұдабай ақын туралы айтар сөз көп. Біз тек оның биылғы мерейлі жасын еске түсіруді мақсаттап отырмыз.

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,**
**«Сыр бойы»**

СҰХБАТ

**Анасына берілген аян арқылы дүниеге келген оның бойынан ерекше суырыпсалма ақындығы бала кезінен-ақ байқалды. Кішкентайынан қарасөзбен құндақталып өскен ол, есейе келе ел мақтанышына айналды. Сыр мәдениетінің дамуына үлес қосты. Республикаға белгілі айтыскер ақын, жыршы, педагогика ғылымдарының магистрі, Мәдениет саласының үздігі Айдос Рахметовпен руханият, өнер тақырыбында әңгіме өрбіткен едік.**



# «ХАЛЫҚ ЫҚЫЛАСЫНАН АСҚАН МАРАПАТ ЖОҚ»

**– Айдос Сәндібекұлы, ғаламтор беттерін парақтап, бұрын жарияланған сұхбаттарыңыздың көп емес екенін байқадық. Алдымен сұхбаттасуға келісім бергеніңіз үшін алғыс айтамыз. Ақын болу қаншалықты қиын? Оның жүгін қалай арқалап жүрсіз?**

– Мен сұхбат аламын, сөйлесемін деген адамның бетін қайтарып көрмедім. Нартай айтады ғой: «Құрысын ақындығы, ақындық алжастырар ақылдыны» деп. Сол секілді ақын болу оңай емес. Ақын болу қаншалықты қиын деген сұраққа келер болсақ, жазба ақындары секілді таң алдында шабыт келіп ұйқымнан ояна сала өлең жазбаймын. Суырыпсалма ақын болғандықтан қалай әңгіме айтамын, солай әңгімені өлеңмен өрнектеймін. Маған еш қиындығы жоқ. Әңгімелесіп отырған секілді ойымды өлеңге айналдырып айта беремін. Бұл – құдайдың берген дарыны, қасиеті. Ал, ақындықтың жүгін өз әлімше арқалап жүрген жайым бар. Бабалар мұрасын халыққа жеткізе білгеніміздің өзі үлкен қуаныш деп білемін.

**– Ақын – жаратылысы бөлек жан. Көп адам байқай бермейтін нәрселерді көреді, жүрегімен қабылдайды. Кейінгі кезде қоғамда болып жатқан жағдайларға байланысты не айтасыз?**

– Рас, марқұм Заметдин Ибадуллаев ұстазым: «Біз ақындар мыңның біріміз. Алла тағала солай жаратқан, әйтпесе жұрттың бәрін ақын қылып жаратпай ма?» деп айтқандай, көп адам байқай бермейтін нәрселерді байқап, жүрегімізбен қабылдаймыз. Қазақ деген халықтың өркені жайылып, түбінде шындық жеңеді, еңбек жеңеді. Шындықтың байрағы егемендіктің байрағымен қатар желбіресе қазақ елінің алар асуы аз болмайды.

**– Сахна төрінен көрінбейсіз? Себебі неде?**

– Сахна төрінен кетіп қалғаным жоқ. Республикалық, облыстық іс-шараларға қатысып жүрмін. Елге белгілі ақындардың көбімен сөз қағыстырдым. Ақмарал Леубаева, Карима Оралова, Айнұр Тұрсынбаева, Ринат Зайытов, Бекарыс Шойбеков, Әсем Ережекызы, өзіміздің Мұхтар, Нұрматтар бар. Алдыңғы буын Заметдин Ибадуллаев, Махамбетқали Тұрсанов, Серік Ыдырысов, Кенжебай Жүсіпов, Әбілхайыр Сыздықов ағалардың тәлім-тәрбиесін алдым. 2010 жылы Арал ауданында өткен республикалық айтыста Қадір Мырза-Әлі ағамыз қазылық етіп, сол айтыста темір тұлпар міндім. Шиеліде өткен Ы.Жақаевтың 125 жылдығына арналған айтыста «Алтын домбыраны» жеңіп алған павлодарлық Аспанбек Шұғатаев деген ақынмен Жүрсін ағамыз мені арнайы айтыстырғысы келді ме, екеумізді жұптаған болатын. Халық жақсы қабылдап, оң бағасын берді. Жүрсін ағамыз да риза болып, «жырау десе – жырау, ақын десе – ақын» деп айтқан еді. Содан кейін Халықаралық жыршы-термешілер одағының атынан атаққа ұсынды. 2019 жылы Оралда өткен «Алтын домбыра» айтысында «Мәдениет саласының үздігі» деген атақты Жүрсін ағамыздың өзі табыстаған болатын. Айтыс саласына ешқандай өкпем жоқ, олжамды салдым, абыройымды алдым. Онлайн кезде де мәдениет басқармасының қолдауымен, халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен фейсбук желісінде арнайы концерт бердім. Сонда ең қаралымы көп жыраудың бірі болдым. Халықтың ыстық ықыласын сезіндім. Соған қуандым. Тағы да концерт беруімді сұрағандар болды. Облыста болған ақындар айтысынан мәдениет басқармасы қалдырған емес. Кейінгі жастар да шығып келеді. Алмас Алматов ұстазым:

– Ақжелең думан, қызықты,
Келешек жасқа қалдырып,
Қырқаға шықтық жағалап, –деп айтқандай, қырқаға шығып келе жатырмыз. Кейінгі буын өнерінің өркендеуіне жұмыс жасасақ одан артық бақыт жоқ.

**– «Жігітке жеті өнер де аз» дейді. Ақындықтан бөлек қандай қырыңыз бар?**

– Мен кішкентайымнан еңбекке жақынмын. Әкем қойшы болды. Қасына еріп жүріп, қара жұмыстың қазанында қайнадым. Бейнеті бар жұмыстарға білек сыбанып кірісіп кетемін. Мұның бәрі – әкем мен анамның тәрбиесінің жемісі. Сол ауылдағы тірлігімді қалада тұрсам да жалғастырып келем. Үйге барғанда да шікірейіп тұрмай, қорадағы жұмыстарға бірден араласып кете беремін.

**– Қазір ұстаздық жолда жүргеніңізді білеміз. Жыр өнеріне жастардың ынта-ықыласы қандай? Үміт ететін шәкірттеріңіз көп пе?**

– Ұстаздық – бұл ұлы даңғыл. Осы жолға бағыттаған ұстаздарым белгілі жырау Жұмабек Аққұлов, Алмас Алматов ағаларыма алғысым шексіз. 2008 жылы Qazaqstan Ұлттық арнасында тікелей эфирде жүргізілген «Аламан айтысқа» қатыстым. Эфир арқылы жұртшылыққа танылдым. Колледж директоры Кеулімжай Шалтақбайұлының қолдауымен, Төлепберген Тоғжанов ағамыздың ұсынысымен 2008 жылы Қазанғап атындағы музыкалық колледжден жыр-терме сыныбын ашып, ұстаздық етуіме жол ашылды. Сол жылдан бері оқу орнынан білім алып, түлеп ұшқан түлектер Қазақстанның түкпір-түкпірінде қызмет етіп жүр. Олар көп. Бірін айтсам, бірі өкпелеп қалар. Қазір де үміт етер шәкірттерім баршылық. Өнерді өрге сүйрейтін ізбасарларыммен мақтанамын.

**– Білуімізше, жарыңыз да өнер адамы екен. Өнерлі отбасында дүниеге келген балаларыңыздың бойында қандай қасиеттер басым?**

– Рахметовтер әулеті – елге белгілі өнерлі жандар. Ең үлкен баласы, менің әкем Сәндібек қазір тоқсанның бесеуіне келді. Ол кісі қой бағып жүрсе де, бір қайырып ән салатыны бар. Әкемнің туған інісі Қитарбекті халық Сары жырау атап кеткен. Облыста өзіндік орны бар белгілі жырау болды. 2009 жылы өмірден өтті. Жыраулық өнер екі жағымда да бар. Кезінде Кенен Әзірбаевпен айтысқан Әбілда Жүргенбаев деген халық ақыны болған. Ол менің туған нағашым. Сондықтан болар, ақындық пен жыраулықтың екі жақтан ұштасқаны. Нағашымның көзін көрдім. Мен өнер саласына кештеу келдім. Ауылда трактор айдап жүріп қалдым. Өзімнің қатарластарымнан 4 жыл кейін оқыдым. Сол кезде жарым Айнұр Айжігітқызымен бірге оқуға құжат тапсырып, бір топта білім алдық. Соңғы курста екеуміз отау құрдық. Айнұр – өнер адамы. Қазір «Оқушылар үйінде» дәріс береді. Екі өнер иесінен туған балалар да бұл саладан кенде емес. Үлкен қызым Көркем кішкентайында «Айгөлек» байқауында бірінші орын алды. Сол байқаудың ақтық сайысында бір жұлдызбен бірігіп өнер көрсетуі тиіс деген талап қойылды. Мен анасымен бірге шығуын қалап, арнау жазып бердім. Елорда төріндегі жарыстан бірінші орын иеленді. Сол сайыста бас төреші болған сыншы Әшірбек Сығай «Анасы мен ботасының керемет үйлесімі болды» деп баға берді. Көркем Қазанғап атындағы музыкалық колледжге оқуға түсіп, жақсы бітіріп, қазір Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының екінші курс студенті. Жыр өнерін жалғастырып, белгілі жырау Ұлжан Мәлікайдарқызынан дәріс алуда. Одан кейінгі қызым Шапағат та өнерге құштар. Қазанғап атындағы музыка колледжінің биыл бітіруші түлегі. Қобызшы Айнуза Бегімсалова мен Тоқтар Ермекбайұлынан дәріс алып, маманданып келеді. Ақындығы да бар. Абайдың 45 қара сөзін жатқа біледі. Түрік тілінде еркін сөйлейді. Біздерге түрік тіліндегі кітаптарды оқып, аудармасын жасап береді. Одан кейінгі қызым Бұлбұл – «Мұрагер» мектебінде 9-сынып оқушысы. Есіміне сай өте керемет ән салады. Мектепке бармай тұрғанда-ақ мәнерлеп оқудан Көкшетау қаласында өткен сайыста жүлдегер атанған. Бұлбұл бәріміз өнердің жолына түсеміз бе деп, басқа саланы таңдап отыр. Ағылшын тілін жақсы меңгерген. Тіл маманы болуды қалайды. Анасы екеуміз қарсылық танытпадық. Төртінші қызымның есімі Кәусар, 8-сынып оқушысы. Менің марқұм анам ісмер кісі еді. Бұл қызым әжесіне ұқсап қолөнерге жақын болды. Құдайдан сұрап алған кенже ұлымыз Нөсер – дара баламыз қазір 6 жаста. Кішкентайынан естігенін қағып алып, жатқа айтады. Өлең шығарсам, ұйқасыма ұйқас тауып беретін қасиеті бар. Домбыраны анасынан үйреніп алды. «Ботақан» телефестивалінде өнер көрсетті. Алмас Алматов атасына терме орындап беріп, кеше ғана батасын алды. Үмітім зор. Менің жолымды жалғап, жыраулық өнердің туын жықпай жүретініне сенім артамын. Бабадан қанмен келген қасиетті көктеп-көгертіп жүрсек одан артық бізге қандай бақыт керек. Аллаға сансыз шүкірлік етемін.

**– Анаңыз сізді аян арқылы дүниеге әкелген екен. Елге белгілі адам болатыныңызды сол кезде-ақ аналық жүрегімен сезген-ау сірә?**

– Біз ата-анадан жеті қыз, үш ұлмыз. Мен секілді әкем де ұлды сағынып көрген. Әрең жеткен ұлы 9 айлығында шетінеп кетеді. Бауырларының балаларын бауырына басса да, маңдайымызға берсін деп, оларды өз балаларындай көріп, бірақ атына жаздырмаған. Құдайға тәуекел еткен. Содан анам түс көріпті. Түсінде біреу «маңдайында үш жазу бар» деген екен. Ояна сала маңдайымдағы үш жазуы несі деп ойланыпты. Көп ұзамай анам ағамды дүниеге әкелген. Есімі – Жолдас. Мысал өлеңдерді өте жақсы жазады. Одан кейін мен. Сосын інім Олжас Сәндібек Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, белгілі ақын, кітаптары бар. Анам марқұм : «Маңдайымдағы жазуым осы үш ұлым екен ғой деп отыратын. Бір қызығы, ақындық қасиет үшеумізде де бар.

**– Әсерлі әңгімеңіз үшін көп рақмет!**

Сұхбаттасқан
**Айсәуле ҚАРАПАЕВА**
**«Сыр бойы»**

# Мұз айдынындағы мереке

**Қызылорда қаласындағы «Мұз айдыны» спорт кешенінде мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан Республикасы кубогының бірінші кезеңі өткізілуде. Беделді бәсекеде еліміздің Нұр-Сұлтан, Шымкент, Алматы қалалары және Қызылорда, Алматы, Түркістан, Қарағанды, Ақтөбе және Атырау облыстарынан 63 спортшы бақ сынайды.**

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Асылжан Жаманқұл қатысушыларға жоғары жетістікке жетуіне тілектестігін білдірді. Ол мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан кубогы Сыр өңірінде алғаш рет өтіп жатқанын атап өтті.

– Бүгінде облыста спортты дамытуға барынша қамқорлық жасалып келеді. Қазір халыққа 2350-ден астам спорт нысаны қызмет көрсетеді, – деді А.Жаманқұл көпшілік алдында. – Сегіз жылдай бұрын пайдалануға берілген «Мұз айдыны» кешені қазір қысқы спорттың бірнеше түрін дамытуға ерекше серпін беруде. Нәтижесінде ол мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей, шорт-трекпен айналысатын жас өрендер санын арттыруға оң ықпал жасады. Бұл бағытта қол жеткен табыстар баршылық. Жерлесіміз Элизабет Тұрсынбаева 2016 жылғы жасөспірімдер Олимпиадасы және 2017 жылғы Қысқы Азия ойындарында қола жүлде алды. Ал қысқы Универсиада мен 2019 жылғы ересектер арасындағы Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, болды. Сондай-ақ, қызылордалық хоккейшілер және шорт-трекшілер республикалық және халықаралық жарыстарда түрлі номинациядағы медальдарды жеңіп алуда.



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Мамандардың айтуынша, бәсекенің алғашқы күнінде спорт шеберіне үміткер, бірінші және екінші разряд бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Атап айтқанда, қыздар арасында қарағандылық Александра Староверова үздік болса, екінші нәтижені оның жерлесі Елизавета Апретова, үшінші орынды шымкенттік Айым Темірхан көрсетті.

Ұлдар арасында Станислав Коршиков (Қарағанды облысы) 38,05 ұпаймен ерекшеленді. Қызылордалық Темірлан Якиев жеңімпаздан біршама жеңіліп қалды (37,92 ұпай). Ал Даниил Шпулинг (Нұр-Сұлтан) үздік үштікті түйіндеді.

Мәнерлеп сырғанаудан облыстың аға жаттықтырушысы Андрей Симаковичтің айтуынша, жарысқа қызылордалық бес спортшы – ұлдар арасында Артур Смағұлов пен Темірлан Яхия, қыздар арасында Диана Жармұхамедова, Аянат Қасымова және Інжу Бактияр қатысуда. Біздің спортшыларды жаттықтырушы Алиса Лозко мен балетмейстер Надежда Миронова дайындайды.

Бәсеке ертең, 27 ақпанда мәресіне жетеді.

**«СБ» ақпарат**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
«Сыр медиа»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26333 Тапсырыс №279 | Кезекші редактор **Аружан ЕРАЛЫ**